

Электр станцияларының су шаруашылығын, гидроқұрылыштарын және гидромеханикалық жабдықтарын пайдалану кезінде еңбекті қорғау Ережелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика индустрия және сауда министрінің 1999 жылғы 26 сәуір N 104 Бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 124 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - КР Премьер-Министрінің орынбасары - КР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 16.04.2013 № 124 бұйрығымен.

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласы электр станцияларының гидротехникалық құрылыштары мен гидромеханикалық жабдықтарын пайдалану кезінде еңбекті қорғау жөніндегі негізгі ережелерді белгілейді.

Ережелер ведомстволық тиесілігі мен меншік нысанына қарамастан жұмыс істеп тұрған және қайта жаңартылып жатқан электр станцияларының гидромеханикалық жабдықтары мен гидромеханикалық құрылыштарын пайдаланумен, жөндеумен және сынаумен айналысатын қызметкерлерге, сондай-ақ жоғарыда аталған энергетика объектілерінің пайдалану жағдайына бақылауды жүзеге асыратын ведомстволық және Мемлекеттік қадағалаудың қызметкерлеріне таратылады.

1-Тарау. Қызметкерлерге қойылатын талаптар

1. Қызметкерлерді оқыту және білімдерін тексеру тәртібі ГОСТ 12.0.004-90, 34.12.102.89.* және Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің алқасы бекіткен "Басшылар мен мамандардың еңбек қорғау жөніндегі білімдерін тексеру жөніндегі Үлгілік ереженің" талаптарына сәйкес болуга тиіс.

Қауіпсіздік ережелері бойынша дайындықты және білім тексеруден өткен қызметкерлерге белгіленген біліктілік күелігі беріледі, ол жұмыс уақытында оның **өзінде болуы тиіс.**

* Нормативтік құжаттардың тізбесі 10-қосымшада берілген.

2. Эрбір қызметкер өrt қауіпсіздігі Ережелерін білуі және жұмыс орнында оны орындауға тиіс.

3. Гидротехникалық құрылыштар мен жабдықтарға қызмет көрсеткен кезде қызметкерлер қауіпті және зиян факторлар, соның ішінде электр кернеуі, жұмыс орнының биікте орналасуы, төмен температура, жоғары дымқылдық, биологиялық факторлар (микроорганизмдер) және т.б. әсеріне тап болуы мүмкін. Зиянды заттар және қолайсыз өндірістік факторлы жұмыстардағы жұмысшылар мен мамандар жұмысқа қабылданарда алдын-ала және кезең-кезеңмен медициналық тексерістен өтуге тиіс.

Тексерулерден өтудің тәртібі мен мерзімдерін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі белгілейді.

Орындаушылардан медициналық тексеруден өтуін талап ететін жұмыстардың тізбесі 1 - қосымшада берілген.

Қызметкердің біліктілік күелігінде медициналық комиссиясының жағымды қорытындысы болмаса, ол аталған жұмыстарға жіберілмейді.

4. 18 жасқа толмаған адамдарды ауыр және зиянды жұмыстарға тартуға рұқсат етілмейді. Осында жұмыстардың тізбесі осы Ережелердің 2-қосымшасында келтірілген.

5. Қауіпсіздік бойынша қосымша арнайы жұмыстар (көтеріңкі) талаптар қойылатын жұмыстарды орындастырын адамдардың біліктілік күеліктерінде осы тұралы жазу болуға тиіс.

Гидроқұрылыштар мен гидромеханикалық жабдықтарды пайдалану және жөндеу кезінде қолданылатын арнайы жұмыстардың тізбесі осы Ережелердің 3-қосымшасында берілген.

Аталған тізбені кәсіпорын басшылары жергілікті жағдайларды есепке алынып толықтыруы мүмкін.

6. Барлық өндірістік қызметкерлер РД 34.03.702 сәйкес электр тогынан немесе басқада қайғылы оқиғалардан зардап шеккендерге дәрігерлік көмекке дейінгі көмекті көрсету тәсілдеріне іс жүзінде үйретілуге тиіс.

7. Барлық жұмыс істеушілер қолданылып жүрген нормалар бойынша (РД 34.03.605,34-70-821-26) жұмыс сипатына сәйкес арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және жеке қорғаныс құралдарымен жабдықталуға тиіс.

8. Эрбір қызметкер осы Ережелерді орындауға міндетті және өзі байқаған барлық Ереже бұзылулары, сондай-ақ құрылыштардың, жабдықтар мен қорғаныс құралыларының қызметкерлер мен жабдықтарға қауіп туғызатын ақаулары туралы тікелей басшысына, ол болмаған жағдайда жоғары басшыға дереу хабарлауға тиіс.

9. Қайғылы оқиға туындау қаупі пайда болған кезде, жақын жердегі қызметкерлер оның алдын-алу жөніндегі шараларды (жабдықтарды тоқтату,

кернеуді алу, суды бөгеу және т.б.) қолдануға тиіс, ал қайғылы оқиға болған жағдайда, оқиға орнында мүмкіндікке қарай жағдайды сақтап зардал шеккенге дәрігердің көмегіне дейінгі көмекті көрсетуге тиіс.

Болған жағдай туралы жедел аға қызметкерлерге және жұмыстардың басшысына хабарлануы тиіс.

10. Өндірістегі қайғылы оқиғалар мен кәсіби уланулар үшін еңбекті қорғау нормалары мен ережелердің сақталуын қамтамасыз етпеген және жарақаттанудың алдын-алу үшін тиісті шаралар қолданбаған әкімшілік-техникалық қызметкерлер мен қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау жөніндегі нұсқауларды тікелей бұзушы адамдар жауапқа тартылады.

11. Осы Ережені бұзған қызметкерлер қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапкершілікке (тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық) тартылады.

2-тарау. Қауіпсіздіктің жалпы ережелері

1 . А у м а қ - ү й - ж а й л а р

12. Өндірістік үйлер мен құрылыштардың өтетін жерлері мен орындары, іштегі, сонымен бірге сыртта тиіп тұрған аумақтағы шығатын және кіретін орындар жарық және жаяу жүргіншілер мен көліктің жүрісі үшін еркін және қауіпсіз болуға тиіс. Адамдардың болуы және өтуі үшін қауіпті орындар арқанмен немесе ГОСТ 12.4.026.76 бойынша қауіпсіздік белгілері орнатылған жылжымалы қалқандармен қоршалуы керек.

13. Үйлердің теміржол және автомобиль көлігі жүретін аймақта шығу жолдарында қоршашау бағаналары мен сүйеніштер, сондай-ақ 10807-78 ГОСТ-қа сәйкес тиісті жол белгілері немесе сәуленелінетін таблолар орнатылуға тиіс.

Автомобильдер мен басқа көлік үшін кәсіпорын аумағында жүрістің шекті жылдамдығы белгіленеді: кіретін жолдарда 10 км/с және өндірістік үйлерде - 5 к м / с .

Жүру жолдарындағы жылдамдық шектелген аймақтар, көлік құралдары тұратын және айналатын орындар күндіз және түнгі уақытта жақсы көрінетін тиісті жол белгілерімен белгіленуге тиіс. Коммуникациялар мен құрылыштар астындағы колік өтетін жерлерде габариттік ұзындық пен енді шектейтін белгілер орнатылуға тиіс.

14. Ашық каналдың бойымен өтетін жалпы пайдаланыстағы жүру жолы парапетпен қысқа бағаналармен немесе жасыл желектермен қоршалады.

15. Үйлер мен құрылыштар маңындағы қоршаулар, жолдар, өту жолдары, тротуарлар, суағарлар мен науалар түзік жағдайда ұсталуға тиіс.

Кюветтерден, орлар мен траншеялардың көлік өтетін жерлерінде қажет болған жағдайда жаяу жүргіншілер үшін қауіпсіз ету жолдары жасалады.

Осындай жерлерде орнатылған жекелеген жаяу жүргіншілер жүретін көпіршелердің ені 0,6 м-ден кем емес, биіктігі 1,0 м. сүйеніштері және биіктігі 0,1 м. жақтау тақтайы болуға тиіс. Қызметкерлер өтетін 20 м-ден астам еңістікте орналасқан жүру жолдары сүйеніштері бар басқыштармен жабдықталуға тиіс.

16. Ашық ауада орналасқан жүретін жерлер мен жұмыс орындары қыс кезеңінде мұздан тазартылып, құммен себілуге тиіс.

17. Үйлердің сыртында жөндеу жұмыстарының орнында орналасқан материалдар, бұйымдар, жабдықтар мен оның қосалқы бөлшектері, қар мен мұздан тазартылған, тегістелген алаңдарда жиналуға тиіс. Қоймаланған заттарды ез бетімен орнынан жылжытудың алдын-алу үшін шаралар қолдану қажет.

Материалдар беткейлерде орналасқан жағдайда алаңдарды жер үсті суларынан Қорғау үшін шаралар Қолдану Қажет. Қоймаланған жабдықтар мен материалдар және шұңқырлар мен олардың жиегінің арасындағы аралық еңістіктің тұрақтылығына қарап есептелінеді, бірақ ол 1,0 м-ден кем болмауы тиіс.

18. Барлық тіректі гидрокұрылыштарда, су қоймасының тік жағалаулыры бойында, электр станциясының аумағы шегінде, тұндырғыштардың, қысымды бассейндердің жанында, ашық су ағарлардың басты учаскелерінде, туннелдердің шықпа порталдарында және гидротехникалық құрылыштардың басқа адамдардың болуы ықтимал қауіпті учаскелерінде парапеттер немесе биіктігі 1,0 м. кем емес металл сүйеніштер орнатылуға тиіс.

19. Адамдар немесе көлік жүретін жерлерде орылған шұңқырлар мен орлар, соның ішінде жұмыстар өндірісі үшін ашылған құбырлар мен кабельдердің жер асты төсемдерінің учаскелері ГОСТ 10807-78 сәйкес орнатылған жол белгілері мен белгі беретін шамдары бар инвентарлы қалқандармен қоршалады.

20. Өндіріс үй-жайларында, подъезддердегі және қоймаланған жүктер учаскелеріндегі едендердің қабатаралық шатырлардың, каналдардың төсемдері қатты және мығым болуға тиіс.

Едендегі барлық ойықтар қоршалады.

Құдық есігінің қақпақтары, сондай-ақ каналдар мен науалардың тіректері кедір-бұдырланған темірден еденмен немесе жермен бірдей етіп орындалуға және сенімді бекітілуге тиіс.

21. Адамдар болуы мүмкін шатырлардағы тесіктер мен басқыш алаңдардағы ойықтар төзімді, тұтас жабумен немесе жұмыс төсемінен биіктігі 1 м-ден кем

емес қоршаумен жабылады, және барлық периметрі бойынша биіктігі жақтау тақтайы болуы тиіс.

22. Өндірістік үй-жайларда жүк орналастырылатын участеклердің шекаралары осы орында жол берілетін жүктеме көрсетіліп анық белгіленуі тиіс.

23. Өндірістік үй-жайларда тиісті санитарлық жағдайын қамтамасыз ету үшін су құбырлары мен канализациялардың қондырғылары мен жүйелері түзік жағдайда ұсталуға тиіс.

24. Еден үстімен суды ағызатын ағарлар, дренаж каналдары мен насостар түзік жағдайда ұсталуы және суды толық жинауды қамтамасыз етілуге тиіс.

25. Оларға баратын басқыштар, аландар, ету жолдары мен сүйеніштер түзік жағдайда ұсталуға тиіс.

Жөндеу кезеңінде алынып тасталған сүйеніштердің орнына уақытша қоршау орнату қажет.

26. Ілінбелі қақпалар олардың өз бетімен ашылып жабылуын болдырмауы үшін фиксаторлармен жабдықталуы қажет.

27. Ұзындығы 5 м-ден астам стационарлық тік басқыштар (эстакадаларға, жер асты механизмдеріне, резервуарларға, құдықтарға, шахтыларға және т.б.) тік байланысты 1,35-0,40 радиусты металл доғаларымен қоршалады.

28. Өндірістік үйлердегі жылдыту және желдету қондырғалары ГОСТ 12.1.005-88, СН-02.011-94 және СНиП 2.04.05.91 сәйкес аяа параметрлерінің қолайлы дәрежелерін қамтамасыз етуге тиіс.

29. Қызметкерлер СНиП 2.09.04-87 сәйкес қажетті санитарлық-түрмистық үй-жайлармен қамтамасыз етілуге тиіс.

30. Кәсіпорынның әрбір құрылымдық бөлімшесінде еңбектің қазіргі жағдайлары айтылған, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігінің нормаларын, ережелерін, стандарттарын қанағаттандырмайтын өндірістік участеклер мен жұмыс орындары көрсетілген цехтағы еңбек жағдайларының санитарлық-техникалық күйінің паспорты жүргізілуге тиіс.

31. Қызметкерлер тұрақты болатын өндірістік үй-жайларда, бөлмелерде бірінші көмек көрсету үшін қажет дәрі-дәрмектер мен медициналық аспаптар бар аптечкалар, сондай-ақ зардал шеккендерге бірінші көмек көрсетудің және қолдан дем алдырудың, жүрекке сырттан массаж жасаудың тәсілдерін көрсететін плакаттар болуға тиіс.

Қажетті дәрі-дәрмектермен медициналық аспаптардың тізбесі 5-қосымшада берілген.

32. Жұмыс істеп тұрған энергетикалық жабдықтар бас үй-жайларда, құдықтарда, камераларда, туннелдерде және жөндеу аймақтарында барлық қызметкерлер қорғаныш каскаларын киюлери керек.

33. Объектілерде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар тиісті нормативтік құжаттардың талаптарына сай келуі тиіс (11-қосымша).

Аумақ пен үйлер өрт сөндіру құралдарымен және РД 34.03.301-87 және РД 34.49.503-94 сәйкес өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерімен жабдықталуға туіс.

34. Жабдықтарды жөндеу, техникалық қызмет көрсету кезінде, үйлерді жинаған кезде тез тұтанатын және жанатын сұйықтарды (бензин, керосин, ацетон, дихлорэтан және т.б.) қолдануға тыйым салынады.

35. Өндірістік үй-жайларда таза және кір сұртетін материалдар үшін бөліктері бар жабылатын металл жәшіктер орнатылуы тиіс. Сұртетін кір материалдар жәшіктен күнделікті алынып отырылуға тиіс.

36. Аумақтар мен өндірістік үй-жайларда тек арнайы бөлінген орындардағана шылым шегүгे рұқсат етіледі.

2 . Ж а б д ы қ

37. Едениң немесе жұмыс аландарының деңгейінен 2 метрден кем биіктікте орналасқан машиналар мен механизмдердің жылжитын және жылжымайтын бөліктердің ГОСТ 12.2.062-81 сәйкес қызмет көрсететін қызметкерлердің жарақаттануына жол бермейтін сенімді тұтас немесе торлы қоршауы болуы тиіс.

Корғауыш қоршаулар қайырмалы (ілгекті, шарнирлі) немесе жеке секциялардан құралған, алынбалы болуы тиіс. Механизмдер қорғалған бөліктеріне қоршауда қызмет көрсетілуіне ыңғайлы болуы үшін есіктер мен қақпактар көзделуге тиіс.

Қоршаулар, есіктер мен қақпактар оларды жабық (жұмыс) жағдайда сенімді ұстасу үшін тетікпен жабдықталуы тиіс және қажет жағдайда қоршау алынғанда (ашылғанда) оларды ажырату үшін машиналар мен механизмдердің жетегімен біріктірілуі тиіс.

Торлы қоршаулардың ұяларының мөлшері 25x25 мм аспауға тиіс Жартылай муфталардың сырт қаптары айналмалы валдың ашық бөлігі жағынан 10 мм-ден аспайтын болып жасалады.

Коршайтын қондырғылар болмаса не олар түзік емес болған жағдайда механизмдерді іске қосу немесе олардың жұмыс істеуіне тыйым салынады.

38. Еден (жұмыс алаңының) биіктікте орналасқан жабдықтардың элементтеріне қоршаулары және басқыштары бар стационарлық аландардан қызмет көрсетіледі. ГОСТ 23120-78 сәйкес басқыштар мен аландар биіктігі 1,0 м-ден кем емес, биіктігі 0,14 м. төменгі жақтау элементтері бар сүйеніштермен қоршалуға тиіс.

Алаң деңгейі мен жоғарғы шатырдың арасындағы аралық 2 м-ден кем болмауы қажет.

39. ГОСТ 12.2.064-81 және РД 34.20.501 сәйкес барлық іске қосу қондырғылары мен арматура нөмірленеді және технологиялық схемаға сәйкес оларда жазулар болуы тиіс. Ысырмалар мен вентильдердің штурвалдарында олар ашылып жабылған кездегі айналу бағыты көрсетіледі.

40. Кернеуі 1000 В-тан астам электр двигателдері мен кернеуі 1000 В дейінгі электр двигателдерінің, егер олар өте қауіпті және аса қауіпті үй-жайларда орнатылса, әрбір іске қосу қондырғысының (дистанциялық басқару қондырғыларынан басқа) алдында диэлектрлік кілемшелер, ал дымқыл бөлмелерде оқшаулағыш тұғырықтар қойылады.

41. Жылжымалы қолға ұстайтын электр шырақтар кернеуі 42 В-тан аспайтын жүйеден қорек алуы тиіс. Электр тогынан зақым алу қаупі болған тар жерлерде, жоғары дымқылдықта, тозандықта, адам жерлестірілген металлмен жанасқанда аса жағымсыз жағдайларда жүйенің кернеуі 12 В-тан аспауға тиіс.

42. Механизмдердің айналмалы және қозғалмалы бөліктерін тазалауға, сұртуге және майлауға тыйым салынады.

43. Жұмыс істеп тұрған механизмдердің сыртын сұрткен кезде, қолға сұрткіш материалдарды орауға тыйым салынады. Сұрткіш материалдар ретінде мақта-мата және зығыр маталарды пайдалану ұсынылады.

44. Механизмдердің қозғалып тұрған (айналып) тетіктері алып кетпес үшін қызметкерлердің арнағы киімдерінің желпілдеген бөліктері болмауға тиіс.

45. Алаңдардың барьерлеріне муфталардың қорғаныш сырт қаптарына, жұмыс істеп тұрған жабдықтардың подшипниктері мен басқа бөліктеріне сүйенуге, тұруға, сондай-ақ ұстінен өтуге болмайтын құбырлармен, конструкциялармен, тіреулермен жүргүге рұқсат етілмейді.

3. Ауырлықты көтеру және тасымалдау

46. Тиеу-тұсіру жұмыстарын, әдеттегідей, механикаландырылған тәсілмен көтеру, тасымалдау жабдықтары мен кіші механизация құралдарының көмегімен орындау қажет. Ауырлығы 50 кг-нан астам жүкті көтеру, сондай-ақ жүкті 3 м-ден астам биіктікке көтеру тек механикаландырылған әдіспен орындалады.

47. Тиеу-тұсіру жұмыстары механикаландырылған әдіспен орындалған жағдайда еңбек қауіпсіздігінің ГОСТ 12.3.009-76, ГОСТ 12.3.020-80 сондай-ақ "Жүк көтергіш крандарды орнату және оларды қауіпсіз пайдалану ережелерінің ("Кранэнерго", Алматы, 1994) талаптарын сақтау қажет.

48. Теміржол көлігін пайдалануға байланысты тиеу-тұсіру жұмыстарын орындаған кезде РД 34.03.225 талаптары сақталуы тиіс.

49. Автокөлік құралдарының көмегімен жүк тасымалдаудың тәртібі жол жүрісінің қолданылып жүрген ережелері мен автомобиль көлігінде еңбекті қоргау ережелерімен белгіленеді.

50. Жүктөрді қолмен көтерген және жылжытқан кезде қолданылып жүрген заңдар белгіленген нормаларды сақтау қажет. Белгіленген нормалар осы Ережелердің 4-қосымшасында берілген.

51. Жүкті жылжыту жолдары таза және кедергісіз болуы тиіс.

52. Түзік емес механизмдерді, құралдар мен тетіктерді пайдаланып тиеу-түсіру жұмыстарын орындауға жол берілмейді, қолданылатын такелаждық құралдардың жағдайы жұмыс басталғанға дейін тексерілуге тиіс.

53. Автомашиналар мен платформалардан бөшкелер, құбырлар және домаланатын жүктөрді тиеген, түсірген кезде көлбелмелі алаңдар мен сырғауылдарды, сондай-ақ жүкті ұстайтын арқандарды қолдану қажет.

54. Толтырылған шыны бөтелкелерді себетпен (торланған) бірге ұстайтын тұтқалары бар арнайы ағаш жәшікке немесе арнайы зембілдердегі 2/3 биіктегі тесіктерге салынып тасымалданады. Бөтелкелерді арнайы арбашаларға салып тасымалдауға жол беріледі.

55. Ұзын жүктөрді қысқаш түрінде қысып ұстайтын арнайы құрылғылардың көмегімен тасымалдау қажет. Осындай жүкті құректердің саптарында, сұйменмен тасымалдауға тыйым салынады.

4. Биіктікте, саты ағаштардан, төсеме тақтайларда және басқа да құрылғыларда жұмыс істеу

56. Саты ағаштарда және төсеме ағаштарда жұмыс істеу СНиП III-4-80, ГОСТ 27321-87, ГОСТ 24258-88 ГОСТ 28012-89 талаптарына сай болуға тиіс.

57. Саты ағаштарды ұстau және пайдалану тәртібі РД 34.03.204 айтылған.

58. Жоғарыдан жабдықтардың бөлшектенген бөліктерін, материалдар мен қоқыстарды таставауға тыйым салынады. Оларды механикаландырылған әдіспен жабық тарамен немесе жабық науамен түсіру қажет.

59. Саты ағаштардың қабаттарына бөлшектер мен материалдарды беру үшін жүк көтеретін құрылғылар қолданылуы тиіс.

60. Жылжымалы саты ағаштарды қолданған кезде қауіпсіздіктің мынадай түрлерін сақтау қажет :

көлденең және тік жылжыған кезде жолдың еңістігі паспортта және саты ағаштарды пайдалану жөніндегі нұсқауда көрсетілгеннен аспауы тиіс;

саты ағаштарды бір қалыпты, жұлқымай, механикалық тетіктердің көмегімен қозғалту қажет ;

жылжытылған саты ағаштарда адамдардың, материалдардың, тараның,

қоқыстардың

болмасы

тиіс;

саты ағаштарды желдің жылдамдығы 10 м/сек-тан асқан кезде жылжытуға
тыйым салынады;

саты ағаштарды жылжыту аяқталған кезде тегістегіш тіректер нық орнатылуы
, ал саты ағаштар құрылысқа бекітілуге немесе тартылып керілуге тиіс.

61. Найзағай немесе желдің жылдамдығы 10 м/сек болған кезде саты ағаштарда, төсеме тақтайларда жұмыс істеуге немесе оларды жинап, бөлшектеуге тыйым салынады.

62. Биіктікте қысқа мерзімді жұмыстарды саты ағаштар мен төсеме тақтайларды қолданбай орындауға жол беріледі. Бұл жағдайда сақтандырғыш белдікті пайдалану және нұсқау өткізу міндетті болып табылады. Осындай жұмыстар 4 м-ге дейін биіктікте басқыштар мен женіл баспалдақтарды қолданып сақтандырғыш белдіксіз орындалуы мүмкін.

63. Жоғары өрмелеп орындалатын жұмыстарды* жасы 18-ге жеткен, денсаулығы түзік, қауіпсіздік техникасы білімін тексеруден өткен, үшіншіден төмен емес тарифтік разряды бар адамдар орындаі алады.

Жоғары өрмелеп орындалатын жұмыстарға бірінші рет жіберіліп отырған адамдар бір жыл бойы кәсіпорын бойынша тағайындалған тәжірибелі қызметкерлердің тікелей басшылығымен жұмыс істеуге тиіс.

* Жоғары өрмелеп орындалатындарға топырақтан, төсемнен және т. б. 5 м-ден артық биіктікте орындалатын жұмыстар жатады.

64. Саты ағаштар мен женіл баспалдақтардың конструкциялары ГОСТ 26887-86 талаптарына сай болуы тиіс.

Басқыштардың құрылымы мен пайдалану ережелері РД 34.03.204 айтылған.

65. Аспалы саты ағаштар мен бесіктердің құрылымы мен пайдалану талаптары ГОСТ 27372-87 және РД 34.03.204 айтылған.

66. Аспа бесіктер мен саты ағаштарды көтеру және түсіруге арналған лебедкаларды пайдаланып "Жүк көтергіш крандарды құру және оларды қауіпсіз пайдалану ережелері" мен РД 34.03.204 талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Дәнекерлеу және отпен орындалатын басқа да жұмыстар

Электрмен дәнекерлеу, газ отты және отпен орындалатын басқа да жұмыстарды орындау кезінде ГОСТ 12.3.003-86, ГОСТ 12.3.036-84, СНиП III-4-80, ППВС-01-94, РД 34.03.204 және СН-1.03.031-94 талаптары сақталуға тиіс.

6. Резервуарлардағы және жер асты құрылыстарындағы жұмыстар

67. Резервуарларды, жер асты құрылыстарын, шурфтарды, құдықтарды (бұдан былай - жер асты құрылыстары) қарau және олардағы жұмыстар нарядтар (осы Ережелердн 314-бабын қара) бойынша жүзеге асырылады.

68. Қызметкерлер осындай объектілерге жіберілер алдында жұмыс аймағының ауасында зиянды заттар (метан, пропан, сутегі, көмір тетігі, күкіртті

сүтегі, аммиак) мен оттегінің болуы міндettі тұрде тексеріледі.

Тексеруді оқытылған адамдар жүргізуі тиіс, осы адамдардың тізімін кәсіпорынның бас техникалық басшысы бекітеді.

69. Жер асты құрылышының ауасында болуы ықтимал зиянды заттардың болуын газ анализаторымен тексеру қажет. Осы мақсатта жарылыштан сақтандырылған аппаратты қолдану керек.

Осындай газ анализаторы болмаған жағдайда, ауа шлангімен жиналады, оның анализі құрылыштан тысқары жерде жасалады, бұл жағдайда газ анализаторын жер асты құрылышына түсіруге тыйым салынады.

70. Ауаның үлгілері құрылыштың жоғарғы және төменгі аймақтарының нашар желдетілетін жерлерінен алынуы тиіс. Жоғары аймақтан ауа үлгісі алынған кезде шлангінің шетін ішке қарай 20-30 см түсіру, ауаның үлгісі төменгі зонадан алынғанда шлангінің шеті еденнен (түбінен) 1 м-ден аспайтын қашықтыққа түсіру қажет.

71. Жұмыстың басына дейін және жұмыс уақытында жер асты құрылышы ж е л д е т і л і п тұрұы к е р е к .

Құрылыштың табиги желдетілуіне онда екі және одан астам есіктер болғанда және ауаның үлгісінде зиянды заттар болмағанда жол беріледі. Бұл жағдайда ауа дұрыс алмасу үшін ашық есіктердің жаңына бағыттаушы тетік орнату қажет.

Құрылыштың ауасында зиянды заттар болса немесе ондағы температура 33 С - тан асқан кезде мәжбүрлі желдету жасау қажет.

Мәжбүрлі желдету жедеткіштің немесе компрессордың көмегімен ұйымдастырылады және 10-15 минут бойында жер асты құрылышында ауаның толық алмасуын қамтамасыз етуге тиіс. Тесікке түсірілген мәжбүрлі желдетудің шлангісі еден (жер) деңгейіне 20-25 см жетпеуге тиіс.

72. Құрылышты оттегімен желдетуге тыйым салынады.

73. Егер мәжбүрлі желдету зиянды заттарды толық жоюды қамтамасыз етпесе , жұмыстар жүргізуге тыйым салынады, құрылышқа зиянды заттарды кіруін тоқтату жөніндегі шаралар қолданылады. Бұл шараларды орындауға мүмкіндік болмаса, жер асты құрылышына тұсу және онда жұмыстарды шлангті противогазбен ғана орындауға рұқсат етіледі.

74. Жер асты құрылышында болу уақытын, сондай-ақ демалыс ұзақтығын (құрылыштан тысқары) жұмыстың жағдайлары мен сипатына қарап, осыны нарядтың "Ерекше жағдайлар" жолына жазып нарядты берушы адам анықтайды.

75. Отын және майларды сақтайтын резервуарлардағы ауаның температурасы 33 С-тан асса онда жұмыс істеуге тыйым салынады.

76. Жер асты құрылыштарындағы судың деңгейі 20 см - ден асса, онда жұмыс істеуге тыйым салынады. Құрылышқа қызметкерлер жіберілер алдында, осы

құрылышқа су кірудің алдын-алу немесе судың келуін шектеу жөніндегі шаралар қолданылуға тиіс.

77. Жер асты құрылыштарында жұмыс істеу және оларды қарау үшін құрамында үш адамнан кем емес адамы бар бригада тағайындалуға тиіс, олардың екеуі есікті жанында жұмысты орындаушы бақылап, шлангілі противогаздың ауа жинағыш тетігінің жұмысын қамтамасыз етеді. Бақылаушылар есіктен кетуге және басқа жұмыстарды орындауға құқығы жоқ.

78. Жұмыс басталғанға дейін противогаздың шлангілерінің және ауа жіберетін қондырғының түзіктігін тексеру қажет.

79. Ауа жіберетін қондырғы болмаған жағдайда шлангінің ұзындығы 15 м-ден аспаса ғана шлангілі противогазбен пайдалануға жол беріледі.

80. Егер жер асты құрылышы терең немесе ұзын болса, жұмысты көзben көріп отыру мүмкін болмаса, онымен телефонның немесе сигналды жіптің көмегімен байланыс ұйымдастыру қажет.

81. Қажет жағдайда жұмысты орындаушыға көмек көрсету үшін құрылышқа кіру қажет болған жағдайда, бақылаушы қызметкерлердің біреуі шлангті противогазбен сақтандырғыш жіптің шетін жоғарыда қалған екінші бақылаушыға беруі тиіс.

82. Газдан қауіпті жер асты құрылышына сақтандырғыш белдіктер мен жіптерді міндettі түрде қолданып кіруге жол беріледі.

Белдікті иыққа асатын қайыс белдіксіз пайдалануға болмайды.

83. Жер асты құрылыштарын жарықтандыру үшін РД 34.03.204 және осы Ережелердің 41-бабына сәйкес орындалған шамдар мен жылжымалы шырақтар қолданылуға тиіс.

84. Жер асты құрылыштары есіктерінің қақпақтарымен операциялар ұзындығы 500 мм-ден кем емес арнайы ілгектермен орындалуы тиіс, гайкалы кілттер мен басқа кездейсоқ заттарды қолдануға тыйым салынады.

85. Жұмыс аяқталғаннан кейін есіктерді жабарда, жұмыстардың басшысы құрылыштың ішінде адамдардың, аспаптардың, материалдардың және т.б. жоқтығына көз жеткізуға тиіс.

Есіктерді ашық тастауға тыйым салынады.

86. Газдан қауіпті жер асты құрылыштарына қызмет көрсету тәртібін жергілікті нұсқаулармен белгіленеді.

7. Торкреттік, цементациялық және бетон жұмыстары

87. Туннелдер мен басқа да гидротехникалық құрылыштардың бетіне инъецирлеу және торкреттеуде кезінде цемент қосындысын нығыздау қосынды нығыздағышпен, осы механизмдерді пайдаланудың барлық ережелерін сақтап (РД 34.21.602-4, 5 қосымшаны қара) орындалуға тиіс.

88. Қосынды нығыздағыштарға қызмет көрсететін қызметкерлер жұмыстың қауіпсіз әдістері жөнінде оқытылып, нұсқау алуы тиіс, сондай-ақ олар қорғаныш көзілдірктермен және резина қолғаптармен жабдықталады. Торкеттеумен айналысадын адамдар, сонымен қатар респираторлармен жұмыс істеуге тиіс. Нығыздағыш аппараттардың жанындағы жұмыс орны жарық болуы тиіс.

89. Қосынды нығыздағыштармен, сақтандырыш клапандармен және жұмыс қысымын өлшеу үшін манометрлермен жабдықталады. Қосынды нығыздағыштағы қысым паспортта белгіленген дәрежелерден аспауы тиіс байда бір рет қосынды нығыздалғыш зауыт нұсқауына сәйкес бақылау үшін престеу сынағынан өтеді.

90. Цементациялық жұмыстар барысында ұңғыларды бұрғылауды, құбырларды бітеуді және туннелдің қаптамасына қосынды сымдарының соплосын бекітуді тек төсеме тақтайлардан орындауға рұқсат етіледі. Тіреу сатыларын қолдануға тыйым салынады.

91. Гидроқұрылыштардың жөндөлетін участеклеріне бетон насосымен бетон ертіндісін берген кезде мына ережелерді сақтау қажет.

Жаңа участкеде жұмыс басталғанға дейін бетон жүретін барлық жүйе жұмыс қысымынан 1,5 есе асатын гидравликалық қысыммен синалуға тиіс;

бетон жүретін құбырдың жанында ені 1 м-ден кем емес жүретін жер қалдырылуға тиіс;

бетон ертіндісі салынып жатқан орын бетон насосы моторисінің жұмыс орнымен телефонмен немесе сигнал беру құралдарымен байланысуға тиіс;

бетон жүретін құбырдың шығатын тесігінде шағылдырыш тетік орнатылуға тиіс;

бетон ертіндісі берілер алдында бетон жүретін құбырдың жалғастырыштары тазаланып нық жабылады;

бетон насосы қабылдағыш бункерінің аузындағы бетон ертіндісін итеру және бетон өткізгіш бөліктерінің тез алынатын қосындыларын алу жүйедегі қысым алынғаннан кейінғанда рұқсат етіледі;

бетон жүретін құбырдан сығылған ауамен үрленіп тазаланған кезде қызметкерлер бетон жүретін құбырдың шығатын 10 м-ден кем емес қашықтыққа кетірілуге тиіс.

92. Бетон ертіндісін таситын самосвалдардан түсіретін барлық орындар автомашиналар үшін берік тіректермен жабдықталады.

93. Бетон жұмыстары үшін вибраторларды пайдаланғанда вибратордың түйіндері сақтандырыш арқанға, ал вибратор-хоботқа сенімді бекітілуге тиіс.

94. Бетон ертіндісін нығыздау үшін электр вибраторлармен орындалатын жұмыстар РД 34.03.204 және СН-1 027014-94 айтылған электр құралдарымен жұмыс істеген кезде қауіпсіздік техникасын сақтаудың талаптары сақталуы тиіс.

Вибратордың корпусы жерлестірілуге тиіс.

Виброкұралмен жұмыс істеушілер вибрациядан қорғайтын қолғаптармен және аяқ киіммен жабдықталуы міндетті.

8. Коррозияға қарсы жұмыстар

95. Коррозияға қарсы жұмыстар СНиП III - 4-80, ГОСТ 123.016-87, ГОСТ 12.3.035-84, РД 34.03.216 және СН-1. 10.081-94 талаптарына сәйкес орындалуға міндетті.

96. Сыртқы беттер абразивтік сорғылатып тазалауды орындағанда жұмыс орны қоршалған ГОСТ 12.4.026-76 бойынша қауіпсіздік белгілерімен белгіленуге тиіс.

97. Оператор мен аппарат жанындағы жұмысшы арасында байланыс немесе сигнализация орнатылуы міндетті.

98. Абразивтік - сорғыланатын тазалаудың операторы тоқ өтпейтін материалдан тігілген арнайы киім және ауа беріп тұратын скафандр (маска), ал аппараттың жанындағы жұмысшы-қорғаныш көзілдірік кио қажет.

99. Электромеханикалық щеткалардың көмегімен сыртқы беттерді тазалайтын жұмысшылар қорғаныш көзілдіріктер мен және респираторлармен жабдықталуы тиіс.

100. Тұбектердің, құбырлардың, гидротурбиналардың спиральді камераларының ішкі металл беттерін құрғақ кварц құммен тазартуға тыйым салынады.

101. Электрлендірілген және пневматикалық құралдармен коррозияға қарсы жұмыстарды орындаған кезде РД 34.03.204 айтылған қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет.

102. 0,07 МП астам қысым астында жұмыс істейтін, тазалайтын және бояйтын қондырғылар № "Қысым мен жұмыс істейтін сыйымдылықтарды орнату және оларды қауіпсіз пайдалану Ережелерінің (Алматы, 1994) талаптарына сай болуы және олар редукторлармен, манометрлермен, сақтандырғыш клапандармен жабдықталуы міндетті.

103. Барлық қолданылатын бояулар, эмалдар, лактер, еріткіштер және басқа да лак-бояу материалдардың сертификаттары немесе оларды құрайтын компоненттердің міндетті тізбесі бар паспорттары болуы тиіс.

Уытты заттары бар лак-бояу материалдары паспорттар мен нұсқамалардың талаптарына қатаң сәйкестікте пайдалануға тиіс.

Белгісіз құрамдағы бояу мен еріткіштерді пайдалануға тыым салынады.

104. Қолданылатын бояулардың құрамына және үй-жайдың көлеміне қарай, бояйтын қызметкерлердің қорғаныш құралдарымен (респираторлармен, противогаздармен, скафандрлармен, көзілдіріктермен, арнайы қолғаптармен, сондай-ақ қорғаныш майлармен және ұнтақтармен) жабдықталуға тиіс.

105. Бөлмелерде пневматикалық тозандатқыштармен бояу жұмыстарын орындаған кезде, сондай-ақ құрамындағы ұшпа зиянды заттар бар тез кебетін лактар мен бояулар қолданылған кезде жұмыс тиісті түрде респираторлар мен қорғаныш көзілдіріктерін қолданып орындалуы қажет.

106. Резервуарлардың, құбырлардың, бактардың және басқа да сыйымдылықтардың ішкі беттерін бояған кезде жеткілікті табиғи немесе мәжбүрлі желдетуді қамтамасыз ету керек.

Ол болмаған кезде немесе жеткіліксіз болса, жұмыс шлангілі противогаздарды немесе ауаны мәжбүрлі беріп тұратын маскаларды қолданып орындалады.

107. Құрылыш конструкциялары, аппаратуралар мен жабдықтарды перхлорвинил лактарымен (бояулармен) бояған кезде ауаны мәжбүрлі беріп тұратын противогаз кио қажет.

Егер жұмыс орнындағы температура 4 С-тан аспаса, бұл жұмыстарды противогазсыз орындауға жол беріледі.

108. Бояу жұмыстары өндірісінің орнында лак-бояу материалдарының көлемі ауысымдық қажеттен аспауға тиіс. Бояулар мен еріткіштері бар сыйымдылықтар ның жабылуы тиіс.

109. Перхлорвинил материалдарды тек осы мақсаттарға арналған отқа төзімді және желдеткіш тұратын үйлерде сақтауға және дайындауға жол беріледі.

110. Лак-бояу материалдары дайындалатын үй-жайларда электрмен жылтытатын құралдармен пайдалануға және от жағуға тыйым салынады.

Мұндай үй-жайда тек су және бу жылтықштармен жылтылады.

111. Зиянды және оттан қауіпті заттары бар лак-бояу құралдарын даярлауға арнайы оқытылған адамдар жіберіледі.

112. Еріткіш ретінде этилденген бензин мен бензолды қолдануға тыйым салынады.

113. Биіктікте орналасқан аралық құрылыштарды, көпірлерді, қақпактарды, жөндеу қоршауларын және басқа да конструкцияларды тазарту және бояу үшін ГОСТ 28012-89, РД 34.03.204, осы Ережелердің 2-тарауының 4-параграфының талаптарына сәйкес орындалған төсеме тақтайлар қолданылуға тиіс.

114. Қақпактар қимадан алынып, тұрақты жағдайда арнайы бөлінген жерге орнатылғаннан кейін боялады.

9. Компрессорларға қызмет көрсету

115. Компрессорлық қондырғылар мен өткізгіштерді пайдалану және жөндеу "Стационарлық компрессорлық қондырғыларды орнату және оларды қауіпсіз пайдалану Ережелеріне ("Кранэнерго", Алматы, 1996) және "Қысыммен жұмыс істейтін сыйымдылықтарды орнату және оларды қауіпсіз пайдалану Ережелеріне (Алматы, 1994) сәйкес жүзеге асырылады.

116. Компрессорлық қондырғылар орналасқан үй-жайларда барлық қақпақты және реттеуші органдар оларға тиісінше нөмірленіп құбырлар мен жабдықтардың схемасы болуға тиіс.

117. Кәсіпорынның бұйрығы бойынша компрессорлық қондырғы мен ауа өткізгіштің дұрыс және қауіпсіз пайдалануы үшін жауапты адам тағайындалуы мүмкін.

118. Ауа компрессорлық қондырғыларына дербес қызмет көрсетуге жасы 18-ге жеткен, алдын-ала медициналық тексеруден өткен, біліктілігі тексерілген адамдар жіберіледі.

119. Жұмыс істеп тұрған компрессорларды толығымен (автоматтандырылғандардан басқа) қадағалаусыз тастауға тыйым салынады.

120. Компрессорлық қондырғы тұрғын үй-жайға кіретін есік жабық тұрады және қызмет көрсетуші адамдарды шақыру үшін сигнализациясы болуы міндетті. Есікте "Кіруге болмайды" деген тыйым салатын белгі орнатылады.

10. Жер жұмыстары

121. Жер жұмыстары СНиП III-4-80 және электр жүйелерін күзету ережелеріне сәйкес орындалуы тиіс.

122. Энергетикалық кәсіпорындардың аумағындағы, сондай-ақ жер асты коммуникациялардың күзетілетін аймақтарындағы (электр кабельдері, байланыс кабельдері, газ құбырлары) жер жұмыстары осы коммуникацияларды пайдаланатын кәсіпорынның жазбаша рұқсатымен ғана орындалады.

Рұқсатқа коммуникациялардың трассалары мен салыну терендігі көрсетілген жоспар қоса тіркеледі.

Жұмыстар басталғанға дейін жердегі жер асты коммуникациялардың орналасуы қауіпсіздік белгілерімен немесе плакаттармен белгіленуге тиіс.

123. Қолданылып жүрген жер асты коммуникациялар аймағындағы жер жұмыстары наряд (314-б.) бойынша, жұмыстар басшысының тікелей басшылығымен, ал кернеу қолданыстағы газ құбыры, жылу трассасы астындағы кабельдің күзетілетін зонасындағы жер жұмыстары - иегер ұйым өкілінің бақылауымен орындалуға тиіс.

124. Жұмыс істеп тұрған жер асты коммуникациялардан тікелей жақындықтағы (0,3 м-ден кем) жерді тек күректермен, қатты ұрмай өндөу қажет.

125. Жер асты коммуникациялары жоспарларында көрсетілмеген жарылу қаупі бар материалдар немесе оқ-дәрі табылса, жұмыстар дереу тоқтатылады, жұмыс істеушілер қауіпсіз аймаққа шығарылады және жұмыстар ауданына бөгде адамдардың енүіне қарсы шаралар қолданылады.

Тиісті ұйымдардан рұқсат алғанға дейін жер жұмыстарын қайта бастауға тыйым салынады.

126. Орларда (шұңқырларда) зиянды газдар болуы анықталса, ондағы жұмыстар тоқтатылады, ал жұмысты орындаушылар қауіпті аймақтан шығарылады. Жұмыстар жұмыс аймағына газдың келуі тоқтатылғаннан кейін ғана қайта басталады.

Газдалған аймақта шұғыл жұмыстарды орындау қажет болған жағдайда осы Ережелердің 2 тарауының 6-параграфының талаптары орындалуы міндетті.

127. Құлау қаупі бар дымқыл топырақтағы орлардың (шұңқырлардың) қабырғалары сенімді бекітілуге тиіс.

Сусымалы топырақтарда жұмыстар бекітүсіз, бірақ топырақтың табиғи енісінің бұрышына сәйкес құламалармен жүргізіледі.

128. Бекітусіз жасалған орлардың қабырғаларының (құламаларының) жағдайына бақылау жасалуы тиіс. Жарық пайда болғанда жұмысты орындаушыларды қауіпті аймақтан дереу шығарып, содан кейін топырақтың құлауына қарсы шаралар қолдану қажет.

129. Орлар мен шұңқырларға инвентарлы жиналмалы басқыштар және жеңіл баспаңдақтармен түсуге рұқсат етіледі.

130. Шұңқырлардың қабырғаларын бекітпей қопарылу призмалары шектерінде құрылыш машиналары мен автокөліктердің тұруы мен жүруіне, лебедкаларды, жабдықтарды, материалдарды және т.б. орналастыруға тыйым салынады.

Аталған механизмдер мен жүктөрдің бекітілген шұнқырлардың қопарылу призмалары шектерінде орналастыру мүмкіндігі жүктеменің көлемі мен динамикасына қарай есептелінеді.

131. Орлар мен траншеялардың тақтай бекітпелері топырақтың толтырылғанына қарай кері бағытта төменнен жоғарыға дейін бөлшектеніп алынады.

Сүсімалы және босаң топырақта бекітпелерді тақтайладап алуға жол беріледі.

Бекітпелерді бөлшектеу жұмыстары басшысының тікелей басшылығымен ғана жүзеге асрылады.

132. Жұмыстарды жер қазатын машиналармен бірлесіп атқаратын қызметкерлер, жүргізуші (машинист) беретін дыбыс сигналдарының мағыналарын білуі тиіс.

133. Экскаватор жұмыс істегендегі мыналарға тыйым салынады:
оны бекіту үшін инвентарлы тіреулердің орнына осы мақсатқа арналмаған
кездейсок заттармен пайдалануға;

экскаватор жұмыс істеп жатқан аймақтан 5 м-ге дейін қашықтықта болуға; ожауды көтеріліп түрған кезінде тазалауға.

3. Су шаруашылығына қызмет көрсету

1. Адамдар мен жүкті су қоймалары арқылы тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік шаралары

134. Су көлігін пайдалану кезінде өзен көлігін пайдалану тәртібін анықтайдын нормативтік құжаттардың, су жолдары бойынша жүзу ережелерінің, кемелердегі тиеу-түсіру жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік сақтау ережелерінің талаптарын, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының Теніз және өзен Регистрінің" талаптарын орындау қажет.

135. Су қоймалары арқылы адамдарды тасу тек Теніз және өзен Регистрінің Кеме инспекциясының санитарлық және өрт қадағалау органдарының рұқсаты бар жүзу құралдарымен ғана рұқсат етіледі. Жүзу құралымен тасылатын адамдардың саны арнайы куәлікте (паспортта) көрсетілгеннен аспауға тиіс.

Жүзу құралдарының бүйірінде жүк көтерілімдігі көрсетіледі. Жүзу құралдарына көрсетілген жүк көтерілімдігінен артық жүк тиеуге тыйым салынады.

136. Жүзу құралдарында жұмыс істеуге жіберілген адамдар алдын-ала медициналық тексерістен өтуге тиіс.

Жүзу құралдарына капитанның және оның көмекшісінің қызметіне Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Су көлігі департаменті берген кемелер мен олардың механизмдерін басқаруға құқық беретін тиісті дипломы бар адамдар алынады.

137. Электр станциясының иелігіндегі барлық кемелер, қайықтар, салдар, паромдар және басқа да жүзу құралдары өртке қарсы, құтқару сигналдары және су ағызғыш құралдармен жабдықталады. Электр станциясының әкімшілігі жүзу құралдарының ұсталуы мен пайдалануы үшін жауап беретін адамдарды тағайындауы тиіс.

138. Жүзу құралдарының көрнекті жерлерінде қызметкерлердің апаттық жағдайдағы әрекеттері туралы қысқаша ұсыныстар бар ескертулер ілінуі қажет.

Құтқару құралдары сақталатын орындар белгіленуі тиіс.

139. Жүзу құралының жол қағазында рейстің ұзақтылығы, тасымалданатын адамдар мен жүктің мөлшері, сондай-ақ жүзу жағдайлары көрсетілмей рейске шығуына рұқсат етілмейді. Рейс алдында ауа-райы болжамы хабарлануы тиіс.

140. Жүзу құралдарындағы барлық қызметкерлер ішкі тәртіп ережелері мен қауіпсіздік техникасын сақтау мәселелерінде:

- өзі жүретін және бұксирленетін кемелерде-кемені жүргізушіге (капитанға, м о т о р и с к е) ;

- жұмыс өндіруге арналған жүзу құралдарында - жұмыс өндірушіге;

- өткізу үшін арналған паромдар мен қайықтарда қайықшыға, паромшыға бағынады.

141. Жұзу құралында апат болған жағдайда, қауіпсіздік үшін жауапты адамдар мен мұлікті құтқару үшін шаралар қолданады және қолда бар құралдармен көмек туралы сигнал береді.

142. Желдің күші 4 балдан асса қайықтар мен понтондардан су қоймаларында , желдің жылдамдығы 5,3-7,4 м/с, ал күші 5 балдан асқанда өзен катерлерінен (желдің жылдамдығы 7,5-9,8 м/с) жұзу және жұмыстар өндіруге тыйым салынады. Жұмыс кезінде күші 4 балдан асатын жел пайда болса, понтонды немесе қайықты жағаға бағыттау қажет. Аударылмау немесе үлкен толқынмен басылмау үшін қайықты толқынға кесе-көлденең жүргізу қажет.

143. Барлық кемелер инвентарлы басқыштармен жабдықталуы тиіс.

Айлақтарда адамдардың отыруы және түсіу үшін траптар болуы міндетті. Қысқы уақытта басқыштар мен траптар мұз бен қардан тазартылып, құммен себіледі.

144. ГОСТ 12.2.012-75 сәйкес басқыштар мен траптардың екі жағында биіктігі 1 м-ден кем емес сенімді сүйеніштер болуы және олар тұнгі уақытта бір қалыпты шашыраңқы жарықпен жарықтандырылуға тиіс. Тиеу-түсіру жұмыстары үшін траптардың ені бір жақты қозғалыста 1 м-ден кем емес, ал екі жақты қозғалыста - 2 м-ден кем емес болуы тиіс. Көпіршелер мен траптар қатты (босаң болмауы) болуы қажет. Басқыштардың әрбір 0,3-0,4 м-ден кейін жасалған аяқтар тірейтін тақтайшалары болады.

Көпіршелердің басқыштары мен траптарының еңісі 1:3 аспауға тиіс.

145. Жұзу құралынан түсіру жұмыстары басталғанға дейін түсіргіш қондырғыларды, тетіктерді дайындалап, тексеріп, есіктердің, көпіршелердің, жақтаулардың қоршауларын орнату қажет.

146. Пароммен өткізуді немесе су қоймаларында кемелермен тасымалдауды ұйымдастыру кезінде, су деңгейі тербелгенде қозғалатын жұзбелі айлақ орнатылуы тиіс. Айлақтарда басқыштар мен көпіршелер орнатылуы тиіс.

147. Ақаулы және куәландіруден өтпеген жұзу құралдарымен 3 балдан астам тербелу кезінде (толқынның биіктігі 075-125 м):

- тұманда;

- шіріген ағаш, мұз қозғалғанда, қоқсық жылжығанда;

- тұнгі уақытта қараңғы жерлерде адамдарды суаттар арқылы тасымалдауға тыйым салынады.

2. Су үстіндегі құрылыштарға қызмет көрсету

148. Жаңадан пайдалануға берілген немесе жаңартылған бондар мен салдарды, оларды комиссия қабылдап алғаннан кейін ғана пайдалануға рұқсат етіледі.

149. Болат арқандармен шынжырлар қолданылып жүрген ГОСТ талаптарына сай болуы тиіс және оларды жасап шығарған зауыттың сертификаты болуы тиіс:

өсімдіктерден (мақта-матадан басқа) немесе синтетикалық маталардан жасалған арқандардың инвентарлық нөмері, жүк көтерімділігі мен келесі сынақтың мерзімі көрсетілген тақтайшасы болуы тиіс. Пайдалануға берілерде сертификатсыз (тақтайшаларсыз) арқандар мен шынжырлар сынақтан өтуі тиіс.

Мақта-мата арқандармен пайдалануға тыйым салынады.

150. Бонның жоғарғы бетінде және бүйірінде шығып тұрған шегелер, сымдар, тростар, бөренелердің шеті және шлондар болмауы тиіс, болттардың шеті бөренелердің бетімен бірдей етіп төмендетіледі.

151. Бондарға немесе басқа да су үстіндегі құрылыштарға адамдар өтетін көпіршелер мен тростардың ені 0,6 м-ден кем болмауы тиіс. Тростар мен көпіршелер екі жағынан биіктігі 1,0 м. қоршаулар мен және биіктігі 0,15 м-ден кем емес жиек тақтайшаларымен жабдықталады. Тік жағалауларда сүйеніштері бас басқыштар орнату көзделеді.

152. Қызмет көрсететін қызметкерлер үшін қауіпті орындарда қоршаулар болуы тиіс, оларда ГОСТ 12.4.026-76 қауіпсіздік белгілері және сигнал беретін шырақтар орнатылады.

153. Аумақтары бөлінген құрылыштары арқылы ағаш, мұз және қоқсық өткізу жөніндегі жұмыстар бойынша келісуді қажет ететін жұмыстарды жүргізген кезде сигналдық байланыс үйімдастырылуы, ал қызметкерлер сигнализацияны білуге міндетті.

154. Су үстінде запандарды және бонды құрылыштарды орнату және осыған қатысты жұмыстар басшының бақылауымен жүргізіледі.

155. Бонды қайықпен жағалап ағыс бойынша жылжытуға тыйым салынады. Запандар орнатқан кезде су үстіндегі бөліктерде тек арнайы оқытылған сақтандыру құралдарымен жабдықталған қызметкерлер болуы тиіс.

156. Запандар тростарының шеттерін бір жағадан екінші жағаға қайықпен тасуға тыйым салынады.

157. Орнатылатын тростарды бекіту үшін тіреу ретінде жағада өсетін ағаштарды пайдалануға тыйым салынады.

158. Су үстіндегі құрылыштардың тростары зәкірлермен бекітілсе, олардың орналасқан жерлері қалқылармен белгіленуге тиіс.

Өзендердің кеме жүретін учаскелерінде қалқыма қоршаулар, ал фарватерлер жағынан-толқын азайтқыштар болуы тиіс.

159. Жобаға сәйкес су қоймасында жүзуге тыйым салынатын аймақ белгіленеді. Тыйым салынатын аймақтың шекарасында тыйым салынатын плакаттар мен қауіпсіздік белгілері орнатылады, тұтас жарық беретін автоматтандырылған дыбыс сигнализациясы қарастырылуы тиіс.

160. Таулы жерлердегі деривациялық гидроэлектростанциялардың жоғарғы бьефтері үшін барлық учаскесі тыйым салынған аймақ болып табылады.

161. Жұмыс ағынды су үстінде (сарқырама) орындалса, адамдардың суга күлауына жол бермейтін қауіпсіздік шаралары қолданылуы тиіс. Жұмыс орнында немесе ағынның төмен жағында қайықпен кезекшілік жасау үй м д а с т ы р ы л а д ы .

Тұнгі уақытта, әдетте мұндай жұмыстарды орындауға жол берілмейді. Тұнгі уақытта жұмыстар орындау қажет болған жағдайда, қауіпсіздіктің қосымша шаралары қолданылады. Судың бетіне жұмыс орнынан 30 м-ден жоғары және 150 м-ден төмен кем емес жерге дейін жарық болуы тиіс.

3. Аяз кезіндегі жұмыстар

162. Өзенде қабыршақ мұз және мұз пайда болған кезде аймақта паромдар жұмысы тоқтатылуға тиіс.

163. Мұздың үстімен жүкті тасымалдау және қызметкерлердің жүруі кестеде келтірілген шарттар орындалса ғана рұқсат етіледі.

Жүктеме	Массасы	Ауаның минус 1-20С	Жүргіншілер немесе көлік
	т.	С-тан кем емес кезінде бірліктері арасындағы ең аз	
		мұз қабатының қалынды. ара қашықтығы (м)	
		ғ ы (с м)	

Жабдық	0 , 1	1 0	5
з а т т а р ы			
б а р а д а м			

Жүгі бар	1 , 2	2 0	1 1
көлік			

Ж а л п ы			
н а к т ы			
о р т а қ			
а у ы р л ы ғ ы			
н е м е с е			
м ы н а л а р ғ а			
д е й і н			
ж е т е т і н			

көлік				
құралы не.				
месе тетік	3,5	25		19
	6,5	35		25
	8,5	39		25
	10	40		26
	20	55		30
	40	95		38

Көктемде мұздың төзімділігі кемитініне байланысты, мұздың төзімді қабаттарының қалындығы ғана есепке алынады: қарлы және уақ тесікті, сулы мұздың қабаттары есепке алынбайды.

164. Электр станциясы ауданында мұз арқылы өту үйымдастырылған кезде оның жұмысының режимін, жүктемелер кестесін және осыған байланысты гидрогеология және мұздың пайда болу жағдайларының өзгеруін есепке алу қажет.

165. Мұз үстіндегі жұмыстар басталмастан бұрын мұздың қалындығы өлшенуі тиіс. Көршілес құыстар арасындағы ара қашықтықтар гидрометеорология қызметінің жергілікті органдарымен келісіліп 10-20 м. шектерінде жасалады.

Өлшенетін құыстар қадалармен белгіленуі тиіс.

166. Мұз үстімен жұмыстар өндірісі немесе бақылау орындарына тек жолдармен және соқпақтармен баруға рұқсат етіледі. Егер мұздың жарылу (бөліну) қаупі болса, онымен жүргуге тыйым салынады.

167. Мұз үстімен жылымнан 100 м. қашықтықта тек бір бағытта жүргуге рұқсат етіледі. Қарама-қарсы жол бірінші жолдан 100 м-ден кем емес алыста салынады.

168. Мұз арқылы жүру алқабы қардан 20 м. ендікте ұдайы тазартылып отырылады және екі жақтан қадалармен белгіленеді. Қадалар арасындағы ара қашықтық трассаның пішініне қарай 25-50 м болуы тиіс.

Мұз жолдарының жағадан мұзға түсетін ыңғайлы түсетін жері болуы міндетті . Трасса бойында қатқақтар болмауы тиіс.

169. Гидроэлектростанциялардың төменгі бьеф участкерінің деңгейі өзгеріп, мұз бөлінген жерлерінде, жұмыстарды орындау және жүру үшін қауіпті жерлер жүргуге және жұмыстарды өндіруге тыйым салатын қауіпсіздік плакаттары мен белгілеріне тәуліктің қараңғы уақытында жарық түсіп тұруы тиіс. Тәуліктің қараңғы уақытында плакаттар жарықтандырылуы тиіс.

170. Мұз жүру және қозғалу кезеңінде суатта жүзу құралдарының жүруі шектеледі.

Мөлшері үлкен емес жекелеген мұз болғанда еспелі қайықтар мен гидрометрикалық понтондармен жүзуге жол беріледі. З балға дейінгі сенжүрісі кезеңінде, төзімді металл корпусты моторлы кемелерімен, ал З балдан астам сенжүрісі кезеңінде мұз жарғыш түрінде кемелермен ғана жүзуге рұқсат етіледі.

Ескерту: Қозғалыс шкаласы бойынша жаға маңайын санағанда жүзіп бара жатқан мұздар мен қабыршақ мұздардың көлемі су бетінің барлық көлемінің 0,3 бөлімін алса, мұз қабыршағы мен сенінің жүруі З балл болып есептеледі.

171. Сенжүрі кезеңінде ағыс жылдамдығы 1,5 м/с асса түнгі уақытта жұмыс жасауға және жүзуге тыйым салынады.

172. Қызметкерлердің кептелген мұздың немесе қабыршақтың ұстіне шығуына тек ерекше жағдайларда-құрылышқа зақым келу немесе адамдардың өміріне қауіп төнгенде ғана рұқсат етіледі.

Кептелген мұз бетінде қызметкерлердің арнайы қауіпсіздік шараларының жүруіне (сақтандыру арқандарының, төсемелерсіз және т.б.) тыйым салынады.

173. Мұз қабыршақтары плотинаның су өтетін тесіктеп арқылы өткенде, жұмыстар плотинаның қызметтік көпіршелерінен, аспалы тақтайшалардан немесе бесіктерден сақтандырығыш белдіктерді қолданып жүргізілуге тиіс.

Мұз қабыршақтарының жиындыларын төменгі жақтан "өзіне қарай" тазалауға тыйым салынады.

174. Плотина қақпақтарында мұзды бөлгенде немесе су тастау кезеңінде, су жинау каналдарының қабырғаларындағы мұзды тазартқанда, қызметкерлер сақтандыру белдіктерімен жұмыс істеуі тиіс. Саты ағаштары, төсеме тақтайлар, бесіктердің төсеніштері қар мен қатқақтардан тазартылуға және қажет жағдайда құммен себілуге тиіс.

175. Қатқақтар ыстық судың көмегімен, қызметкерлердің жаракат алуын болдырмайтын қауіпсіздіктің қажетті шараларын қолданылып алынады.

176. Жағалаудың мұзы ұзын сапты ілгекті бағандармен, балталардың көмегімен және сақтандырығыш белдік қолданылып тазартылады.

Каналдың ішіндегі мұзды жалғыз адамның тазартуына жол берілмейді.

177. Қыс кезеңінде канал бойымен жүргенде жиектен 1 м-ден алыста жүруге рұқсат етіледі. Боранды күні канал бойымен жүргенде өзара жіппен оранған үш адамнан кем емес топ болып жүруге рұқсат етіледі.

178. Түнгі уақытта жедел қызметкерлер баратын аймақтар жарықтандырылуы тиіс. Жүретін жолдарды қар мен мұздан тазартып, құммен себу қажет.

179. Мұзды мұз кесетін машинамен кескен кезде, қызметкерлер тіліктен 1 м-ден кем емес қашықтықта тұтас мұздың ұстімен жылжып тұрулары тиіс. Мұзда тіліктер арасында тұруға тыйым салынады. Тіліктерден мұзды алу немесе

мұздың астына мұздарды кетіру үшін, жұмысшылар тілікке мұз шетінен 0,5 м-ден жақын емес жерге жақындауына рұқсат етіледі.

180. Мұз кесетін машинаға қызмет көрсететін қызметкерлер, машина мұз алғанда машинаның жанында болуға тиіс.

Кесетін органдарды тек машина тоқтаған кезде ғана іске қосуға рұқсат етіледі. Кесетін тетіктердің тізбелерін қолмен түзеуге тыйым салынады.

181. Жоғарғы бұфте еріген суды жою кезіндегі қопару жұмыстары мен басқа жұмыстар "Жарылыс жұмыстары кезіндегі қауіпсіздіктің бірыңғай ережелері" (Москва, НПО ОБТ, 1992) және арнайы нұсқаулардың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

4. Қоқыс тазалау жұмыстары

182. Су қабылдайтын құрылғылардың қоқыс ұстайтын торларын тазалау жұмыстары жұмыс басшысының бақылауымен жүргізіледі.

183. Бөренелер қызметтік көпіршелерден ілгекті таяқтар мен ашалардың көмегімен бұрылып жүргізіледі.

184. Торлар мен су қабылдайтын тесіктер қоқыспен және бөренелермен бітеп көтілген жағдайда, қоқысты адамның "өзіне қарай" тазалауына тыйым салынады. Кептеп көтілген жерлердегі қоқыс бьефке тасталынып тазаланады.

185. Торлар грейфердің көмегімен тазаланған кезде бөренелер мен құрылыштың ұстіне немесе тордың шетіне тұруға тыйым салынады.

186. Грейфермен алынған қоқыс 1 м-ден аспайтын биіктікке, арнайы бөлінген жерге тасталады. Қызметкерлердің қоқыс тасталатын аймақта болуға тыйым салынады.

187. Плотинаның су өткізетін құбырларындағы бөренелер мен торларда тұрып қалған жеке бөренелер, кранмен көтеретін арнайы бесіктің ұстінен сақтандырғыш белдік пайдаланылып тазаланады. Бөренелер адамдар бесіктен шығарылғаннан кейін көтерілуі тиіс.

5. Құрылыштар арқылы су тасқынын өткізу

188. Су тасқыны кезеңіне дайындалған кезде қызметкерлер немесе тұрғындар өтуге пайдаланылатын және судың көтерілу мүмкін деңгейден төмендегі барлық уақытша құрылыштар алынып тасталуға тиіс.

189. Судың деңгейін және су тасқынының өту жағдайларын бақылау үшін гидроторап ауданында және қажет жағдайда өзеннің жоғары орналасқан участкесінде байланыс құралдарымен жабдықталған постар ұйымдастырылады.

190. Жоғарғы және төменгі бьефтердегі су басқан аймақтардағы барлық жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары су тасқынына дейін аяқталуға тиіс.

191. Қажетті жағдайда су тасқыны кезеңіндегі құрылыштарда жұмыс өндірісі жұмыс басшысының бақылауымен орындалады.

192. Су тасқыны кезеңінде электр станциясының басшылығы жергілікті жағдайларды ескеріп тыйым салынатын аймақты анықтайды. Тыйым салынатын аймақ ГОСТ 12.4.026-76 бойынша ескерту қауіпсіздік белгілерімен белгіленеді.

193. Шағын су қоймаларында кенеттен болған нө серлі су тасқындары мен сел тасқындары қауіпті жағдайларға әкеліп соқтыруы мүмкін. Осындаған жағдайлар туындаған кезде пайдалану қызметкерлері мен жақын жерде орналасқан елді мекендердің тұрғындарын авариялық хабар беру құралдарының көмегімен дер уақытында хабардар ету қажет. Плотинаның жоғарғы және төменгі бьефтердегі барлық жұмыстар дереу тоқтатылуға тиіс.

194. Су тасқыны басталғанға дейін құтқару бригадасы үшін жұзу құралдары (катерлер, моторлы қайықтар) жұмысқа дайын болуы тиіс.

6. Су қоймасын тазалау және толтыру

195. Су қоймасын тазалау, сондай-ақ суды авариялық жағдайда азайту төменгі бьефте су деңгейінің недәуір көтерілуіне байланысты. Сондықтан суды тастауларының мерзімін жоспарлы түрде азайтарда өзен ағысының төменгі жағында орналасқан елді мекендердің тұрғындары мен кәсіпорындардың қызметкерлерін уақтылы хабардар ету мақсатымен жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен келісілуі тиіс.

196. Қайықтардың жұзуі мен суға тұсуін тоқтату мақсатымен, плотинадан жоғары орналасқан су станцияларына уақытында, судың жіберілуі туралы хабар беріледі.

Жоғары бьефте орналасқан паромдар ағып кетпеуі үшін жағаға жеткізіліп бекітіледі.

197. Суды жіберу басталғанға дейін төменгі бьефтегі барлық жұмыстар аяқталып, бригадалардың жұмыс орындарынан шығарылуын қамтамасыз ету қажет.

198. Плотинаның жоғарғы бьефінде су жіберу қалқандары ашылғанға дейін уақытша бондарды және запандарды босатып, олар бойынша журу тоқтатылады, барлық жұзу құралдары ашылатын қалқандардың аймағынан әкетіледі және ГОСТ 12.4.026-76 бойынша "Сақ болыңыздар", "Қауіпті аймақ" және "Жұруге тыйым салынады" деген қауіпсіздік белгілері орнатылады. Тұнгі уақытта қалқандар әрекетінің аймағы жарық болуға тиіс.

199. Гидроторап елді мекен шегінде орналасқан кезде тиектер ашылмас бұрын сиренаны немесе басқа дыбыс сигнализациясы құралдарын пайдаланып жергілікті тұрғындарға суды жіберу туралы хабарлау қажет.

200. Плотинаның жоғарғы бьефтегі жұмыстарды орындау үшін рұқсат судың деңгейі белгіленген белгіге жеткеннен кейін беріледі. Жұмыстарды орындау мерзімі аталған деңгейдегі ұстап тұру ұзақтылығымен байланыстырылуы тиіс.

201. Су қоймасында деңгейдің қайта көтерілу сәтіне дейін тиексіз су қабылдайтын қондырғыларды қосқанда, су басатын аймақтан жұмыс істейтін қызметкерлер шығарылады, тетіктер мен аспаптар және материалдар алынуы тиіс.

202. Су қоймасының толу барысы және су деңгейінің болжанған белгілері туралы электр станциясының басшылығы жергілікті әкімшілік органдарын хабардар етуге міндетті.

7. Өлшеу жұмыстары

203. Су қоймасының терендігі қайықтан немесе катерден, лотты, қаданы немесе эхолотты қолданып жүзеге асырыла алды.

204. Қайықтан өлшеу жұмыстары құрамы екі адамнан кем емес бригада болып, оның біреуі ескекте тұрып жүргізілуге тиіс.

205. Терендікті өлшеу жұмыстары қолмен орындалған кезде қайықтың жақтауына немесе орындығына тұруға, кеменің жақтауына асулуға тыйым салынады. Плотлиннің бос ұшын қолға орауға рұқсат етілмейді.

206. Ауырлығы 10 кг-нан асатын лотты пайдаланған кезде оны көтеру және түсіру үшін лебедканы қолдану қажет.

207. Терендікті лоттармен өлшеулер кезде резина костюмдер немесе су отпейтін алжапқыштармен жүргізіледі.

208. Терендік 4 м-ден асса қайықтан қадамен өлшеуге тыйым салынады. Егер қада су қоймасының түбінде кедергіге ілініп қалса оны дереу жібере салу қажет.

209. Терендік катерден (өзі жүретін кемелерден) қаданы пайдаланып өлшеген кезде, қадамен жұмыс істейтін бригада жабдықталуға тиіс. Сақтандырғыш арқаның көмегімен жұмысты орындаушы палубадағы бағанаға байланады.

Өзі жүретін кемелерден өлшеу жұмыстары тыныш ауа райында желдің күші 2 балдан аспаған (желдің күші 3,3 м/сек дейін) кезде жүргізіледі.

210. Терендікті өлшеу эхолоттар қолданған кезде, аппараттар кемеде тегіс, кеменің қисаюын болдырмайтын етіп бірдей орналастырады. Эхолоттың қабылдағыш, бергіш элементтері кемеде тростардың көмегімен бекітіледі, оларды қолмен ұстап тұруға тыйым салынады.

211. Өлшеу жұмыстарын сақтандырғыш және сигналдық құралдарсыз орындауға ж о л берілмейді .

4. Гидроқұрылыштарға қызмет көрсету

1. Плотиналарға, каналдарға, туннелдерге қызмет көрсету

212. Тіреудің сүйеніштерінің және плотиналардың қызметтік көпіршелерінің адамдар көп болатын жерлеріне ілгекті бақандар мен құтқару дөңгелектері, плотинаның әрбір 75 м-ге есептелініп бір ілгекті бақан және құтқару дөңгелегі ілінуі тиіс.

213. Плотинаның су жібергіштерінде жұмыс істейтін адамдар жұмыс кезінде қажетті құтқару құралдарымен, сақтандырғыш белдіктермен және резина етіктермен жабдықталады.

214. Гидроқұрылыштардың тік қырларын, көпіршелердің өтетін металл конструкцияларын және биіктікте орналасқан басқа да құрылыштарды жөндеу бесіктерден немесе аспалы тақтайлардан жүргізіледі.

215. Секциялардың санылауларына жөндеу қоршауларын орнатқан кезде оларды қолмен бағыттауға тыйым салынады.

216. Камералардың, резервуарлардың ішіндегі қапсырма шегелердің үстінен жүрген кезде оларды қоқыс пен балдырдан тазарту қажет.

217. Қақпақ ашық болған жағдайда су тұндырығыштардың шайылатын галереялары аймағында жұмыс істеуге тыйым салынады. Жуу аяқталғаннан кейін қақпақ бекітіледі, ал көтергіш тетіктің электр тірегі тоқтан ажыратылуы тиіс.

218. Егер жуылатын толып тұрса оларды тазарту "өзінен" және тек жоғарғы бьеф жағынан тазартылуы тиіс.

219. Құрылыштарды жуу кезінде қақпақтың астындағы су тасқынының шенберінде қызметкерлердің болуына тыйым салынады.

220. Тасқын астындағы құрылыштың қоршалмаған бөліктерінде адамдардың болуына тыйым салынады.

221. Босатылған камераларға флютбет аймағына және басқа құрылыштарға тұсу осы Ережелердің 2.6 тармақшасының талаптарына сәйкес орындалады.

222. Босатылған тең резервуарлардағы жөндеу жұмыстары шығыршықты аспалы тақтайлардан және бесіктерден сақтандыру белдігін қолданып орындалуы тиіс.

223. Жөндеу жұмыстары жұмыс істеп тұрған каналда жүргізілген кезде, адамдардың суға құлауына жол бермеу керек. Бетон, ерітінді және т.б. дайындастырылған жұмыс орындары канал шетінен 3 м-ден жақын емес жерде орналасуға тиіс.

224. Понтондардан қысымсыз туннелдерді жөндеген кезде, понтондар нық бекітіледі және олардың сүйенішті қоршаулары болуы тиіс. Жұмыстар

туннелдегі су деңгейі тұрақты болған кезде және құтқару құралдарын қолданып орындалады.

225. Туннелге, дюкерлерге және акведуктерге кіретін жерде деревациялар босатылған немесе оларды толтыру кезінде құрылышқа кіретін қақпалардың жағдайын бақылау жасайтын пост қойылады.

226. Дереваацияның толуының соына дейін канал бойынша қайықтармен немесе понтондармен жүзуге жол берілмейді.

2. Қысымды труба құбырына қызмет көрсету

227. Құбырларды қарау кезінде труба құбырымен журуге тыйым салынады.

228. Труба құбырларындағы жұмыстарды труба құбырларына берік орнатылған саты ағаштардан орындау қажет. Саты ағаштарға адамдарды көтеріп түсіру үшін басқыштар орнатылуы тиіс.

229. 20 °C градустан астам еңісте орнатылған труба құбырларындағы немесе 30 градус еңістіктең труба құбырларының ішіндегі жұмыстар кезінде қызметкерлер сақтандырығыш белдіктерді пайдалануы тиіс.

Металл труба құбырларындағы ішкі және сыртқы жұмыстар кезінде жұмыс істеушілер металмен жанасудан қорғайтын жеке қорғаныс құралдарымен (киіз маталармен, шынтақ қаптармен және тізе қаптармен) жабдықталуы тиіс.

230. 30 градустан астам еңістіктең қысымды труба құбырларының ішіндегі жұмыстарды жылжымалы платформаларда тұрып орындауға рұқсат етіледі.

231. Терендігі 5 м-ден астам су ағынында труба құбырларында жұмыс істеуге тыйым салынады.

232. Труба құбырларын тазалаған немесе бояған кезде осы Ережелердің 2-тарауының 8-параграфын басшылыққа алу қажет.

233. Труба құбыры босағанға дейін персоналдың аванкамераға тұсуіне жол берілмейді.

234. Құбырларды босатқан немесе толтырған кезде аэроциондық есіктердің (құбырлардың) аймақтарында қызметкерлердің болуына тыйым салынады.

235. Бригаданы жіберу үшін құбырдың қақпағын ашуға тек ол толық босағаннан кейін ғана жол беріледі.

Құбырдың қақпағын біртіндеп, гайкаларды кезектеп екі-үштен бұрап ашу керек. Пайда болған тесіктен су ақса операцияларды құбыр толық босағанға дейін тоқтату қажет.

3. Жер дамбалары мен плотиналарды жөндеу

236. Гидротехникалық құрылыштарды жөндеу кезінде құрылыш машиналарын қолдану СНиП III-4-80, ГОСТ 12.3.033-84 және зауыт нұсқауларының талаптарына сәйкес қолдануы тиіс.

237. Жер дамбалары мен плотиналар стрелкалы қран қолданылып жөндеген кезде, кестеде көрсетілген ара қашықтықты сақтау шартымен плотинаның немесе дамбаның баурайына орнатылады.

Баурайдың		Баурайдың негізінен (м) топырақтағы (жиналмаған) ең жақын биіктігі м.					
		тірекке дейінгі ең аз ара қашықтық	құмды	құмайт	сазды	сазды	құрғақ
		және	топырақты	топырақты			орманды
		г р а в и й л і					
1		1,5	1,25	1,0	1,0	1,0	
2		3,0	2,4	2,0	1,5	2,0	
3		4,0	3,6	3,25	1,75	2,5	
4		5,0	4,4	4,0	3,0	3,0	
5		6,0	5,3	4,75	3,5	3,5	

Осы ара қашықтықты сақтау мүмкіндігі болмаса баурай нығайтылып бекітілуге тиіс.

Жұмыс істеу үшін крандарды жаңа жиналған, тапталмаған топыраққа немесе паспортта көрсетілген еністікten асатын алаңға орнатуға тыйым салынады.

238. Экскаваторлар жұмыс уақытында жоспарланған алаңға орнатылуға және өздігінен жүріп кетпеуі үшін инвентарлы тіреулермен бекітілуге тиіс. Осы мақсатта тақтайларды, бөренелерді тастауға және басқа да заттарды қолдануға тыйым салынады.

239. Экскаватор жұмыс істейтін аймақта (машина жұмыс істейтін радиусқа 5 м қоса) адамдардың болуына және басқа жұмыстардың орындалуына тыйым салынады.

240. Көктайғақта экскаватордың оның табан шынжырларының тайфанауына қарсы шаралар қолданылса ғана жүргуге рұқсат етіледі.

Экскаваторды таяз судан өткізу үшін рұқсатты жүретін жолды тесергеннен кейін жұмыс басшысы береді.

241. Жердің еңстік бұрышы паспорттық деректерден асқан кезде экскаваторды қөтеріп түсіру тягачтардың көмегімен жұмыс басшысының басшылығымен жүзеге асырылады.

242. Машинаның паспортында көрсетілгеннен асқан биіктікке немесе еңстікке жылжыған кезде топырақты машинамен (бульдозермен, скрепермен) өндөуге немесе қозғалтуға тыйым салынады.

243. Нығызыдағыш машинаның вибраторы ол нығыз негізben жүргенде ажыратылуы тиіс.

244. Екі немесе одан көп машиналар жұмыс істеген кезде, (скреперлер, бульдозерлер, катоктар және басқа да тетіктер) олардың арасындағы ара қашықтық 5 м-ден артық болуы міндettі.

245. Автокөлікпен топырақ түсіру кезінде плотинаның үстінде жылжыған машинаны осы мақсатқа арнайы бөлінген адам басқарады.

Автомобильдердің жүру жылдамдығы әрбір жеке жағдайда жолдың жағдайы мен қарқынына қарай белгіленеді.

246. Гидроқұрылыштың еңсті жерлеріндегі жөндеу жұмыстарын, қызметкерлер ені 1,5 м-ден кем емес және биіктігі 1 м-ден кем емес қоршаулы траптар мен жеңіл басқыштардан орындаулары тиіс. Жеңіл басқыштардың еңстігі 30 градустан асатын элементтеріндегі жұмыстар сақтандырғыш белдіктерді қолданып орындалуы тиіс.

247. Плотинадағы су қазындыларының аймақтары қоршалуы тиіс. Су қазындыларын қарау басқыштар мен сақтандырғыш белдіктер болғанда ғана рұқсат етіледі.

248. Плотина баурайларына төсеу үшін берілетін тастар, плотинаның жотасына жиектен 1 м-ден кем емес жерде жиналады.

249. Жаз кезінде плотиналар мен дамбалардың баурайларын жүзу құралдарын (баржалар мен крандарды) қолданып жөндеген кезде, олар жағаны бойлау орнатылуы тиіс.

Жөндеу аймақтарында өтіп жатқан рейсті кемелердің жылдамдығы шектеледі, ол туралы кемені жүргізушілерге тиісті сигналдармен хабар берілуге тиіс.

250. Плотинаның жотасынан тас, бөренелер немесе басқа да материалдар берілген кезде жұмысшылар олардың кездейсоқ құлауы мүмкін участекерде болмауы тиіс.

251. Қысқы уақытта жөндеу жұмыстары басталғанға дейін жұмыс орындары мұз бен қардан тазартылуы тиіс.

4. Сұнгуір жұмыстары

252. Электр станцияларындағы сұнгуір жұмыстары РД 31.84.01-90 талаптарына сәйкес орындалуға тиіс.

253. Сұнгуір жұмыстарына жасы 18 дең жас емес, арнайы медициналық тексеруден және сұнгуір дайындығынан өткен адамдар жіберіледі.

254. Жыл сайын электр станциясы бойынша сұнгуір жұмыстарына және сұнгірушілерге қызмет көрсетуге жіберілген сұнгуір емес маман адамдардың тізімі бекітіледі. Сұнгуір жұмыстарын орындау үшін, сұнгуір жұмыстарының басшысы, сұнгуіршілерге қызмет көрсететіндердің басшылары, сұнгуір станциясының старшинасы (бригадирі) медициналық тексеруден өткіzetін адамдар, сұнгуір тобының құрамы тағайындалады.

255. Сұнгуір жұмыстарының қауіпсіз өндірісі мен оларды орындау үшін жағдайларды қамтамасыз ету жауапкершілігі сұнгуір жұмыстарын орындайтын кәсіпорынның әкімшілігіне жүктеледі.

Жол сапармен келгендеге және жалдамалы сұнгуір станцияларына (сұнгуірлер) қажетті жағдайларды қамтамасыз ету жауапкершілігі осы станциялардың (сұнгуірлерді) пайдаланатын кәсіпорындар мен ұйымдардың әкімшілігіне жүктеледі.

256. Сұнгуірлерді медициналық қызметпен қамту сұнгуір жұмыстары кезінде де, жұмыс аралығында да жүзеге асырылады.

Сұнгуірлерді медициналық қызметпен қамтуға "Сұнгуір дәрігер" (фельдшер) мамандығы бойынша мамандандырудан өткен медициналық қызметкерлер жіберіледі. 60 м-ге дейінгі терендікке түсетін сұнгуірлерге дәрігер, ал 45 м-ге терендікке дейін түсетін сұнгуірлерге фельдшер, ал 20 м терендікке түсетін сұнгуірлерге "Сұнгуір маман" біліктілігі бар адам, ал 12 м терендікке түсетіндерге-мамандандырудың бірінші және екінші топтарының бір және екі сыныптағы сұнгуірлер қызмет көрсетеді.

257. Құтқару жұмыстарынан басқа барлық сұнгуір жұмыстары наряд-тапсырма бойынша орындалады. Наряд-тапсырманың нысаны 6-қосымша да берілген.

Қажет жағдайда сұнгуір жұмыстары басшысының шешімі бойынша қосымша жұмыстар өндірісінің жобасы әзірленуге тиіс.

258. Су астына түсер алдында, сұнгуірді медициналық тексеруді жүзеге асыратын адам тексеруге, және сұнгуір жұмыстарының басшысы оған нұқсау беріп, алдағы жұмыстардың сипаты, олардың орындау тәртібі, қауіпсіздік шаралары туралы айтуда тиіс.

259. Сұнгуір жұмыстары орындалатын орындарда сигналдардың Халықаралық жинағы бойынша: күндіз "A" екі жалау, түнде және аяу-райы қолайсыз күндері-бірінің үстінде бірі орналасқан екі жасыл от - ескерту сигналдары көтеріліп тұруы міндетті. Жалаулар мен оттардың арасындағы ара қашықтық кемелердің габариттеріне байланысты 0,5 м-ге дейін болуы тиіс.

Кемелерде бұл сигналдар сұнгуірлерді түсірген кеменің бортындағы реяның

ногында көтеріледі. Сигналдарды көтеретін штаттық діңгегі жоқ жүзу құралдарында және жағалауда уақытша діңгек орнатылады.

260. Тәуліктің қараңғы уақытында жұмыстар кезінде су үстіндегі және су астындағы жарық қолданылады.

Су үстінде:

сұнгуірлер су астына түсуге даярланатын орын және түсетін орын; сұнгуірлердің судың астына түсуін, жұмыстарды орындаған кезде олардың қауіпсіздігін және тыныс тіршілігін қамтамасыз ететін қондырғыларды басқаратын аспаптары;

сұнгуір жұмыс істейтін орынның үстіндегі су беті жарық болуға тиіс.

Су астында жарық беру үшін арнайы су асты стационарлық жылжымалы немесе дулығалы шырақтар қолданылады. Терең емес суда және тұнық суда жұмыс істеген кезде прожекторлар мен люстралар қолданыла алады.

261. Су асты жұмыстары орындаған кезде сұнгуірмен және түсірген орын арасында тұрақты байланыс қамтамасыз етілуі тиіс. Сұнгуірді су астына екі жақты сөз байланысы мен сигналды үшсyz түсіру жол берілмейді.

262. Сұнгуірлер станциясы арнайы аптечкамен және дәрігерге дейінгі көмекті көрсету үшін оны пайдалану жөніндегі нұсқаумен жабдықталуға тиіс.

263. Сұнгуірге жұмыстарды орындау үшін қажет аспаптармен басқа да заттар үстінен түбекпен немесе арқанмен беріледі. Сұнгуір берілген затты алғаннан кейін, оның одан арғы қозғалысы жұмыс істеп жатқан сұнгуірдің нұсқаумен жасалады. Ауырлығы 2 кг-нан аспайтын жеңіл заттарды сигналды үш бойынша беруге рұқсат етіледі. Сұнгуірге ауырлығына қарамастан кез-келген заттарды тастауға тыйым салынады.

264. Су астына ауыр конструкцияларды орнатқан кезде, оның орнатылатын конструкция түсірілгеннен кейін сұнгуірге су астына бақылау үшін түсуге рұқсат етіледі. Мұның өзінде түсірілетін бөлшек орнатылатын орыннан биіктік бойынша 0,1 м-ден артық емес қашықтықта топырақта немесе өзі тұруы тиіс.

Конструкцияны түсірген кезде оның орнатылуының дұрыстығын байқау үшін сұнгуірдің болуы қажет болғанда, сұнгуірге конструкциядан жоғары және оның жанында тұсу үшінда болуға рұқсат етіледі.

265. Ауыр элементтер мен конструкциялар топырақтан тарту күші есепке алынып, жүк асатын арқандарды, траверстерді және басқа да қондырғыларды қолданып алынады. Арқандар керілгеннен кейін сұнгуір су бетіне шығуға тиіс.

Ұсақ тастандарды, бөлшектерді және басқа да заттарды себеттермен немесе қалақша тіреуішпен көтеру керек.

266. Гидротораптардың су жіберетін құрылыштары мен қондырғыларында сұнгуір жұмыстарын орындағанда мына шарттарды сақтау қажет: жұмыс орнынан 50 м-ден кем емес радиуста судың ағыс жылдамдығы 0,5 м/с

аспауы тиіс, ол үшін гидроагрегаттардың қажетті саны тоқтатылып, қақпақтары жабылуы және т.б. тиіс;

бірінші шарт бойынша тоқтатылған турбиналардың бағыттаушы аппараттары мен реттеудің іске қосқыш қондырғылары жабылуы тиіс;

кателесіп агрегаттарды іске қосу және қондырғылар мен тетіктердің қосылуын болдырмайтын шаралар орындалуы тиіс.

267. Гидротехникалық құрылышты тексеру немесе жөндеу уақытында сұнгурлер су астына түсетін ауданда 50 м-ден кем емес радиуста жұзу құралдарының жүруі мен басқа да жұмыстарды орындауға тыйым салынады.

268. Гидроэлектростанцияларының плотиналар мен насос станцияларының аймақтарында жұмыстарды гидрокұрылыш әкімшілігінің тек жазбаша рұқсатымен ғана жүргізуге жол беріледі. Рұқсат бір тәуліктен аспайтын мерзімге, сұнгур жұмыстарының басталуы мен аяқталуы уақыты дәл көрсетіліп беріледі.

269. Су ұстайтын Құрылыш арқылы сұзгілеу орнын анықтау үшін арқандағы қалдықты нығыздап толтырылған қаптарды жоғарғы бьефтен жылжытып отыру керек.

270. Сұзгілеу мардымсыз қысымның әсерінен қалдық толтырылған қапты сұзгіленетін тесіктен қолмен алуға болғанда, сұнгур резина тілікті сырықты немесе басқа да құрылғының көмегімен сұзгіленетін орынды табуға тиіс. Сұнгур сырықты өзінің алдына, ө қозғалысының бағыты бойынша қозғалтуы тиіс.

Сұзгілеу аймағына, сұнгурді сорып алу мүмкіндігін болдырмайтын қорғаныс құрылғысыз жақындауға тыйым салынады.

271. Бұліну мөлшері зор болған кезде, сондай-ақ бұліну мөлшеріне қарамастан 10 м-ден астам терендікте құрылыштың бүлінген участкесіне ағаш қалқан қойғаннан кейін ғана сұнгурді су астына түсіруге рұқсат етіледі.

272. Су жинайтын құрылыштарды сұнгурлер су жинау тоқтатылғаннан кейін ғана тексеріп тазартылулары тиіс.

273. Сұнгурлердің жылдамдығы 2 м/с астам ағыста жұмыс істеуіне тыйым салынады.

Ағыстың жылдамдығы 1 м/с асқанда сұнгурлер су астындағы жұмыстардың жағдайын жеңілдететін және қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қондырғылар мен құрылыштарды (қалқандар, сұнгур күркелер, суға бататын сыйымдылықтарды) қолданып орындейді. Нарядта осында қондырғыларды қолдану қажеттілігі көзделуі тиіс.

274. Жағымсыз температураларда сұнгур жұмыстарының өндірісінің әрбір жағдайында судың астына түсетін сұнгурлердің тонына қарсы шаралар (іш киімнің екінші комплектісін қолдану, су астында болудың уақытын шектеу,

жылыту құралдарын пайдалану және т.б.) қолданылып жүзеге асырылады, тоңуға қарсы шараларды жұмыстың нақтылы жағдайларына қарап, медициналық тексеруден өткізуші адам белгілеп, нарядқа енгізеді.

275. Ауаның температурасы 10 С-тан төмен болып, желдің күші 7 балдан (14 м/с) акса немесе ауаның температурасы 15 С-тан төмен болып, желдің күші 5 балдан (8,5 м/с) акса сұнгуір майнаның үстінде орнатылған жылы бөлмeden су астына түседі.

276. Сұнгуірлер мұздың астына түсу үшін 2:2 м-ден кем емес майна ойылып мұздан тазартылады.

Майна барлық периметрі бойынша ағаш төсеммен төселеді және қоршаумен қоршалады.

277. Ауаның жағымсыз температурасы кезінде сұнгуір жұмыстары орындалған уақытта клапандар, шлангтер және басқа да ауа тартатын қондырғыларды жылу оқшаулайтын материалдарды қолданып қатып қалудан сактау қажет.

Су астына түсетін жабдықтардың қатып қалған элементтерін ыстық сумен жылдыту қажет.

Осы мақсатта ашық отты пайдалануға, сондай-ақ мұзды оюға тыйым салынады.

278. Су астында электрмен дәнекерлеу жұмыстарына тиісті білім алған, біліктілік қуәліктері бар, осы жұмыстарға кәсіпорын бүйріғымен жіберілген сұнгуірлер жіберіледі.

279. Электрмен дәнекерлеу жұмыстарын орындайтын сұнгуірлермен байланыс жасау және өлшеу құралдарының көрсеткіштерін бақылау үшін сұнгуір тағайындалады. Ол жұмысты орындайтын сұнгуірдің бүйріғымен дәнекерлеу тізбегін қосады және оны ажыратады.

280. Су астында электрмен дәнекерлеу жұмыстарын орындау үшін тұрақты (түзетілген) тоқ қолданылады.

281. Су астында дәнекерлейтін барлық жабдықтар жерлестірілуі, ал электрод ұстағыш сұнгуірдің киімінің тоқ өткізетін бөліктері мен металл бөліктері оқшаулануға тиіс.

282. Дәнекерлеуші сұнгуірмен тұрақты екі жақты байланыс болмаса су астында электрмен дәнекерлеу жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

5. Гидромеханикалық жабдықтарға қызмет көрсету

1. Гидроагрегаттар мен қосалқы жабдықтар

283. Турбинаның су өткізу жолдарындағы қақпақтарды, турбиналардың серіппелі камераларына, жұмыс доңғалағының камераларына және соратын

турбиналарға апаратын қақпақтарды ашу қысымды түсіргеннен кейін және камералар мен турбинаның су өткізетін жолдарында қысымның болмауын тексергеннен кейін жүргізілуге тиіс.

284. Ағынды бөліктің қотару қондырғыларының өнімділігі қақпақтың нығыздығы бұзылған кезде судың ағуын толық тоқтатуды қамтамасыз етуі тиіс.

285. Бағыттаушы аппараттарының курекшелері мен турбинаның жұмыс донғалағының қалақтары арнайы төсеме тақтайларда тұрып қаралуы және жөнделуі тиіс.

286. Жұмыс донғалағының астына саты ағаштарын орналастырған кезде немесе оларды алған кезде, сондай-ақ жұмыс донғалағының қалағын жөндеген кезде қызметкерлер сақтандырғыш белдікті пайдалануы тиіс.

287. Турбиналардың су ағатын бөлігін (жұмыс донғалағы, серіппелі камералар, соратын құбырлар) жөндеген кезде желдету немесе қажет жағдайда ауаны жылыту қамтамасыз етілуі тиіс.

288. Турбинаның су ағатын бөлігін жөндеген кезде жұмыс орындарын жарықтандыру осы Ережелердің 41-бабының және РД 34.03.204. талаптарына сәйкес орындалуы міндетті.

289. Жұмыс істеп тұрған гидроагрегаттарды қарау кезінде бағыттаушы аппараттардың иіндері арасындағы сырғаларға, сервомоторлардың штоктарына және тетіктердің жылжымалы бөлшектеріне тұруға тыйым салынады.

290. Жұмыс істеп тұрған су құбырларының бекітілетін фланецті жалғауларын бекіту оларда 0,5 МП-дан аспайтын қысым кезінде ғана рұқсат етіледі.

2. Гидротехникалық құрылыштардың механикалық жабдықтары

291. Залдардың, шкивті беріліс белдіктердің және беріліс тетіктердің (тиісті донғалактар, тізбекті берілістер, фрикциондық дискілер, муфталар және т.б.) адамдар жанасу мүмкіндігі бар жерлері осы Ережелердің 2.2.1-бабының талаптарына сәйкес қоршалуға тиіс.

292. Қалқанды бөліктердің ашық ойықтары осы Ережелердің 21-бабының талаптарына сәйкес периметрмен қоршалуға тиіс.

293. Бекітпе тетіктерінде, тетік қол жетегімен жұмыс істегендеге, сондай-ақ тетік тоқтап қалғанда, бекітпенің соңғы қалыбында электр жетегін ажыратуын қамтамасыз ететін сақтандырғыш қондырғылар болуға тиіс.

294. Бекітпе қапсырмаларымен ұсталмаса, не нық бекітілмесе, қызметкерлерге бекітпе элементтерінде болуға рұқсат етілмейді.

Айрықшылық ретінде қызметкерлердің қажырмаларға орнату үшін бекітпелерге қысқа уақыт болуына жол беріледі. Бұл жұмысты орындағанда, сақтандырғыш қажет жағдайда қорғаныш белдіктерді пайдалану талап етіледі.

Бекітпенің ригеліне кран көтеретін бесікпен шығу керек.

295. Бекітпеге қатысты операцияларға қатыспайтын адамдарға бекітпе мен оның тетіктері жұмыс істеп тұрған жерде болуға тиым салынады. Бекітпелер үстіндегі аспалы құрылғылардан жұмыс өндіруге тыйым салынады.

6. Жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұйымдастыру шаралары

1. Жалпы ережелер

Гидромеханикалық жабдықтар мен гидротехникалық құрылыштарда жұмыстар орындаған кезде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мына ұйымдастыру шаралары орындалуы тиіс:

Наряд, өкімдер беру;
жұмысқа кірісуге рұқсат беру;
басқа жұмыс орнына аудастыру;
жұмыстағы үзілістерді ресімдеу;
жұмыстың аяқталуын ресімдеу;

Жабдықтар мен құрылыштардағы жұмыстар жұмыстарды орындаушыны қосқанда құрамы екі адамнан кем емес бригада орындауға тиіс.

Сұнгуір жұмыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шаралардың көлемі осы Ережелердің 4-тарауының 4-параграфында айтылған.

2. Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу үшін жауапты адамдар

296. Нарядтар мен өкімдер бойынша жұмыс кезінде қауіпсіздікті ұйымдастыру үшін мына адамдар жауапты:

нарядты (өкімдер беруші);
жұмыстардың басшысы;
жұмыстарды өндіруші;
байқаушы;
жұмыска жіберуші;

бригада мүшелері.

297. Наряд беруші (өкім беруші) жұмыстарды қауіпсіз орындаудың мүмкіндігін белгілейді, жұмыс басшысы, жұмыстарды орындаушыны тағайындейды және нарядта көрсетілген қауіпсіздік шараларының нақтылығы, өкімдер бойынша орындалатын жұмыстардың орындаушылары, нарядтар бойынша тағайындалған жауапты адамдардың құрамдық сапасы үшін жауап береді.

298. Нарядтарды (өкімдерді) беру құқығы жөнделетін объектілерді басқаратын цехтың әкімшілік-техникалық қызметкерлеріне беріледі. Осында құқық жөндеу (реттеу, монтаждау) кәсіпорынының қызметкерлеріне берілуі мүмкін.

Шұғыл орындалатын жұмыстарда наряд беру құқығы бар адамдар болмаған жағдайда, нарядты, егер олар осы наряд бойынша жұмысқа жіберушілер болмаса, электростанцияның жедел қызметкерлері бере алады.

299. Жұмыстардың басшысы наряд бойынша бригада құрамын анықтай отырып, бригада мүшелерінің біліктілік деңгейі үшін жауп береді.

Жұмыстардың басшысы жұмысқа жіберушіден жұмыс орнын қабылдай отырып, нарядта көрсетілген қауіпсіздіктің барлық шараларының орындалуы мен олардың жеткіліліктігі үшін жауп береді.

Жұмыстардың басшысы жұмысты орындаушылармен және бригада мүшелерімен өткізілетін нұсқаудың сапасы үшін жаупты.

Тұрақты қадағалауды жүзеге асыра отырып, жұмыстардың басшысы жұмыстардың жұмыс істеп тұрған жабдықтармен басқа да қауіпті өндірістік факторлары жағынан қауіпсіздік үшін жаупты.

300. Жұмыстар наряд бойынша орындалса, жұмыстардың басшысы тағайындалуға міндетті.

301. Нарядтар бойынша орындалатын жұмыстардың басшылары болып электр станциялары мен мердігерлік ұйымдардың осы үшін жеткілікті біліктілігі бар цех (учаске) мамандары тағайындалады.

302. Жұмыстарды орындаушы жұмысқа жіберушіден жұмыс орнын қабылдай отырып, нарядта көрсетілген қауіпсіздіктің барлық шараларының орындалуы Үшін жаупты.

Жұмыстарды өндіруші өзінің және бригада мүшелерінің қауіпсіздік ережелерін, еңбекті қорғау жөніндегі нұсқауларды, жұмыс өндірісінің жобасында белгіленген қауіпсіздік талаптарын орындауы үшін, бригада мүшелерімен өткізілетін нұсқаулардың айқындылығы мен жеткіліктілігі үшін, аспаптар мен қорғаныс құралдарының және такелаждық құрылғылардың болуы үшін, жұмыс орнында орнатылған қоршаулардың, қауіпсіздік белгілердің, жабатын қондырғылардың сақталуы үшін жаупты.

303. Нарядтар мен өкімдер бойынша жұмыстарды орындаушы болып электр станциялары мен мердігерлік ұйымдардың цех (учаске) мамандары тағайындалады. Жұмыстардың орындаушысы болып біліктілігі 4-разрядтан төмен емес жұмысшылар тағайындалуы тиіс.

304. Байқаушы құрылыш жұмысшылары, жұмысшылар, такелажшылар бригадалары, гидрокұрылыштар мен механикалық жабдықтарға қызмет көрсетуге рұқсаты жоқ басқа да қызметкерлерге, бригада жұмыс істеп тұрған құрылыштар мен жабдық маңында жұмыстар орындаған кезде тағайындалады.

Байқаушы жұмысқа жіберушіден жұмыс орнын қабылдай отырып, нарядта көзделген қауіпсіздіктің барлық шараларының орындалуы, жұмыс орнында орнатылған қоршаулардың, плакаттар мен қауіпсіздік белгілері, жабатын

қондырғылардың сақталуы үшін, жұмысшылардың жұмыс істеп тұрған қондырғылар жағынан қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауап береді.

Байқаушының қадағалау жасауымен қатар қандай бір басқа жұмыстар орындауда түрған түрлердің үшін жауапкершілік салыналады.

Жұмыстар технологиясымен байланысты қауіпсіздігі үшін жауапкершілік бригаданы басқаратын қызметкерге жүктеледі, ол қызметкер жұмыс орнында тұрақты болуға тиіс.

305. Байқаушы наряд бойынша жұмыс орындауға құқығы бар адамдардың қатарынан тағайындалады.

306. Әкімшілік-техникалық қызметкерлердің және жедел қызметкерлерге нарядтар (өкімдер) беруге өкілетті адамдардың, жұмысшылардың басшылары мен орындаушылары болуға құқығы бар адамдардың тізімдерін электр станциясының бас техникалық басшысы бекітеді, және олар жедел қызметкерлердің жұмыс орнында болады.

Мердігерлік ұйым адамдардың осындай тізімдерін осы ұйымның басшылары бекітеді және электр станциясының бас техникалық басшысының рұқсатымен жедел қызметкерлер оны басшылыққа алады (осы Ережелердің 8-тарауының 376, 377-баптарын қара).

307. Жұмысқа жіберуші қабылданған қауіпсіздік шараларының жеткіліктілігі, жұмысқа жіберетін рұқсаттың және жұмыс басшысымен және орындаушымен (байқаушымен) өткізілген нұсқаудың дұрыс орындалуына, жұмыс аяғында бригададан жұмыс орнын сапалы қабылдау үшін жауап береді.

308. Әдетте жұмысқа жіберуші болып жабдықтар мен құрылыштарға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын жедел қызметкерлер санынан тағайындалады.

Жедел қызметкерлер болмайтын обьектілерде, жұмыс орнын дайындауды, жұмысқа жіберуді және жұмыс істеушілерге байқауды иелігінде жабдықтар мен құрылыштарды басқаратын цехтың (учаскенің) әкімшілік-техникалық қызметкерлері жүзеге асырады.

Аталған құқықтар электр станциясының бас техникалық басшысының өкімдік құжатымен беріледі.

309. Бригада мүшелері өздерінің еңбекті қорғау және Ережелердің талаптарын сақтау үшін, жұмысқа жіберілер алдындағы және жұмыс кезіндегі нұсқаулардың орындалуы үшін, сондай-ақ қорғаныс құралдары мен арнайы киімнің дұрыс қолдануы және қолданылатын аспаптар мен құралдардың түзіктігі үшін жауапты.

310. Жұмыстарды қауіпсіз орындау үшін жауаптыларға, егер екі қызметті қатарынан орындаитын адам уақытша болмайтын адамның міндеттерін орындауға құқығы болса, оған екі адамның міндеттерін қатар орындауға жол беріледі.

Жұмыстар орындалған кезде мына екі қызметті қатар орындауға жол беріледі

:

наряд беруші мен жұмысты орындаушиның; жедел қызметкерлер болмайтын қондырғыларда наряд беруші мен жұмысқа жіберушінің;

егер адам басқа нарядтар бойынша қауіпсіздік үшін жауаптылардың міндеттерін бір уақытта орындамаса, жұмыс басшысы мен жұмыс өндірушісінің.

3. Нарядтарды, өкімдерді ресімдеу

311. Электр станциялардың гидротехникалық құрылыштары мен гидромеханикалық жабдықтарындағы жөндеу және дайындық жұмыстары нарядтар мен өкімдер бойынша жүргізіледі.

Алдын-ала сипатындағы бірқатар жұмыстарды (май құю, тетіктерді резервке қою және алу, қондырғыларды сынау) жедел қызметкерлер аудиосым ішінде нарядсыз және өкімсіз орындаіды. Бұл жұмыстардың тізбесі жергілікті нұсқауларда аталуы тиіс.

312. Нарядтар жұмысты орындауға берілетін тапсырма, оның сипаты, уақыты мен орны қажетті қауіпсіздік шаралары, бригаданың құрамы мен жұмысты қауіпсіз орындау үшін жауапты адамдардың құрамы анықталады.

Наряд арнайы бланкте жасалады. Наряд бланкісінің нысаны осы Ережелердің 7-қосымшасында көрсетілген.

313. Өкім - жұмысты қауіпсіз орындау үшін берілетін ауызша тапсырма, онда жұмыстың сипаты, уақыты, орны, қауіпсіздік шаралары егер олар қажет болса және жұмысты орындау жүктелген адамдар белгіленеді.

314. Нарядтар бойынша негізгі жабдықтар мен гидроқұрылыштарда орындалатын, жұмыс істеушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі техникалық шараларды орындауды қажет ететін, сондай-ақ от пен орындалатын және үлкен қауіппен байланысты жұмыстар орындалады.

Нарядтар бойынша мына жұмыстар орындалуға тиіс:

Гидротехникалық құрылыштарды жөндеу;

Гидротурбиналар мен генераторлардың механикалық бөліктерін жөндеу;

Гидроагрегаттардың қосалқы жабдықтарын, жылдамдық реттегіштерді, май қысу қондырғыларын, майлау жүйелерін, компрессорларды және т.б. жөндеу;

Жүк көтеретін крандар мен крандар жүретін жолдарды жөндеу;

Турбина камераларындағы, соратын құбырлардағы, бактерде, құдықтарда, серіппелі камераларда, потерндерде, қысымды құбырларда, теңестіру резервуарларында, туннелдерде, су тастайтын галереяларда орындалатын

жұмыстар;

Су астындағы жұмыстар;

Жұзу құралдарынан орындалатын жұмыстар;

қақпақтарды, торларды және құрылыштардың қысымды қырларын мұздан тазарту жоніндеңі жұмыстар;

су қоймасының арнасын жуу;

жабу жұмыстары;

саты ағаштарды жинау, бөлшектеу;

коррозияға қарсы және гидрооқшаулағыш жұмыстар;

жұмыс істеп тұрған жабдықтардың маңында және өндірістік бөлмелерде орындалатын от жұмыстары;

газ жиналу қаупі бар жерлердегі жұмыстар;

су асты коммуникациялар аймақтарындағы жер жұмыстары.

Жергілікті жағдайларды есепке алғып, электр станциясының бас техникалық басшысы бұл тізбені толықтыра алады.

315. Нарядтар бойынша орындалатын жұмыстар тізбесіне енбеген жұмыстарды ауызша өкімдер бойынша орындауға жол беріледі.

316. Наряд екі данада жазылады (екі данадағы да жазулар анық болуы тиіс, түзетулер енгізуге, сзызуға жол берілмейді).

317. Нарядтарды нөмірлеу тәртібін кәсіпорынның техникалық басшысы белгілейді.

318. Наряд жолма-жол мәтінге сәйкес толтырылады.

319. Жұмыстардың басшысына біруақытта берілетін нарядтар санын нарядты беруші белгілейді.

320. Наряд әдетте бір жұмыс орнына беріледі. Нарядты бір гидроагрегаттың немесе гидроқұрылыштың бірнеше жұмыс орнына мына шарттарды орындалап беруге болады:

барлық жұмыс орындары алдын-ала даярланып, оларды жұмыс басшысы мен жұмысты орындаушы (байқаушы) бір уақытта қабылдап алады;

бригада бір жұмыс орнына жіберіледі;

бригаданы басқа жұмыс орнына ауыстыруды жұмысқа жіберуші жүзеге асырады және нарядтың тиісті кестесінде ресімдейді.

Бірнеше жұмыс орнында жұмыс орындау үшін бригаданы бөлу қажет болса, нарядтың "Ерекше белгілер" деген бөлігінде тиісті жазу жазылады.

321. Егер нарядта қауіпсіздіктің барлық шараларын жазу үшін орын жетпесе, нарядқа берген адамның қолы қойылып, жұмыс өндірісі жағдайларының тізбесі жалғастырылған жеке бет қоса тіркеледі, нарядтың "Қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету үшін қажет" бөлігінде ол туралы жазу жазылады.

322. Қажет жағдайда наряд беруші нарядтың "Ерекше шарттарының бөлігінде қауіпсіздіктің қосымша шараларын мысалы, барлық жұмыстардың немесе оның бөлігінің жұмыс басшысының тікелей қадағалауы мен орындалатыны туралы, арнайы қоршаулар орнату туралы, қорғаныстың арнайы құралдарын қолдану, жүк көтеретін тетіктерді пайдалану туралы жазады.

323. Нарядты қолданудың мерзімін нарядты беруші белгілейді, бірақ ол мерзім өтініште көрсетілген жабдықты (құрылышты) жөндеу мерзімінен аспауға тиіс.

Егер нарядтың қолдану мерзімі асып кетсе, ал жөндеу аяқталмаса, нарядтың қолданылу мерзімі бір ретке ұзартыла алады.

Мерзімді ұзарту нарядты берген адамның қолы қойылып, нарядтың тиісті жолында ресімделеді, ал нарядты берген адам болмаған жағдайда оның мерзімін осы жабдықтың (құрылыштың) жөндеуіне наряд беруге құқығы бар адам ұзартады.

324. Жоспарлы жөндеу жұмыстары орындалған кезде, нарядтың екі данасы жұмыстар өндірісі басталарға дейін жедел қызметкерлерге беріледі. Ойламаған жағдайларда наряд жұмыс өндірісі күні беруге рұқсат етіледі. Нарядты алғанда жедел қызметкерлер нарядтың мәтініне күмән келтірсе, олар нарядты берген адамнан немесе жұмыс басшысынан түсінік алуға міндетті.

Дұрыс ресімделмеген наряд бойынша жұмысқа кірісуге рұқсат етілмейді.

325. Өкімдер жедел қызметкерлерге жұмыс орындалатын күні беріледі. Өкімдер тікелей немесе байланыс құралдары арқылы беріле алады.

Өкім бір реттік болады, оны қолдану мерзімі жұмысты орындаушылардың жұмыс күнінің ұзақтылығымен анықталады.

Жұмысты жалғастыру қажет болған жағдайда өкім қайтадан беріліп ресімделуге тиіс.

326. Бригада құрамына тәжірибеден өтушілер мен оқушыларды, сондай-ақ практикалық оқудан өтуші жаңадан қабылданған қызметкерлерді, қауіпсіздік техникасының Ережелерін білуін тексермей, бригаданың бір негізгі мүшесіне бір білікті емес қызметкер анықталатын есептен кіргізуға жол беріледі.

Тәжірибеден өтушілер мен оқушылар білікті қызметкерлерге жеке бекітіледі. Бригада құрамына кіргізілген білікті емес қызметкерлердің қауіпсіздігі үшін аталған қызметкерлер бекітіліп бригада мүшелері мен жұмысты орындаушы жауап береді, бұл туралы нарядтың "Бригада құрамы" жолында жазылуға тиіс.

327. Бригаданың жалпы саны жұмыс басшысы мен жұмысты орындаушы жағынан жұмысшыларға қадағалауды жүзеге асыру мүмкіндігімен шектеледі.

Бригада саны көп болып, оның мүшелерінің тізбесі "Бригада құрамы" бөлімінің жолдарына симаса, жұмысшылардың тегі, аты, экесінің аты көрсетілген тізім нарядқа қоса тіркеледі. Бұл тізімге жұмыс басшысы қол қояды

және ол нарядтың ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл жағдайда "Бригада құрамы" бөлігінде бригаданың саны көрсетіліп, бригада мүшелерінің қоса тіркелген тізімі туралы жазу жазылады.

328. Бригада құрамындағы өзгеріс, нарядтың екі данасының тиісті кестесінде жұмыстардың басшысы ресімдейді.

Бригада саны көп болып, құрамындағы өзгеріс туралы жазу кестеге симаса, нарядқа өзгертулер аталағын жеке бет қоса тіркеледі және кестеде осы қосымшаның барлығы жөнінде жазу жазылады.

Бригада мүшелерінің құрамындағы өзгеріс туралы нұсқау байланыс құралдары немесе шабарман арқылы беріле алады, бригаданың жаңа мүшелерімен нұсқауды бұл жағдайда жұмыстарға жіберуші және жұмыстарды орындаушы (бақылаушы) өткізеді.

Егер бригада құрамының 50 %-тен астамы өзгертілсе, наряд жаңадан жазылады.

329. Жұмыстар аяқталғаннан кейін наряд жұмыс басшысының, жұмысты орындашының (бақылашының) және жұмысқа жіберушінің қолымен жабылады.

330. Жабылған нарядтар жұмыстар аяқталғаннан кейін 30 күн бойы сақталып, содан кейін жойылуы мүмкін.

331. Нарядтарды ресімдеудің дұрыстығын бақылауды, нарядты беретін адамдар, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау жөніндегі инженер-инспектор және осыған өкілетті адамдар жасайды.

332. Нарядтар мен өкімдер бойынша орындалатын жұмыстардың есебі мен тіркеуі осы жұмыстар журналында жүргізіледі. Журналдың нысаны осы Ережелердің 9- қосымшасында келтірілген. Журнал жедел қызметкерлердің жұмыс орнында сақталады.

Наряд бойынша орындалатын жұмыстарда бастапқы жұмысқа жіберу және оның толық аяқталуы тіркеледі.

Бұдан басқа бастапқы және күнделікті жұмысқа жіберулер сондай-ақ жұмыстардың аяқталуы жедел журналдағы жазумен ресімделіп мұның өзінде тек нарядтың нөмірі мен жұмыс орны көрсетіледі.

4. Бригаданы жұмысқа жіберу

333. Электр станциясының ауысым бастығы цехтардың (учаскелердің) жедел қызметкерлерінің жауапты адамдарынан нарядта көзделген қауіпсіздіктің барлық шаралары орындалғаны жөнінде хабар алғаннан кейін бригаданы жіберуге рұқсат береді.

334. Жұмысқа жіберу кезінде жұмыстардың басшысы мен жұмыстарды орындаушы (бақылаушы) жіберушімен бірлесе отырып, нарядта көрсетілген жұмыс орнын дайындау жөніндегі қажетті шарапардың орындалуын және олардың жеткіліктілігін тексереді.

335. Жұмысқа жіберуші жұмыстардың басшысымен және орындаушымен (бақылаушымен) нұсқау өткізуге, оның барысында ол жөнделетін агрегаттың (құрылыштың) және көршілес участеклердің қандай жабдығы (элементтері) қысым немесе кернеу астында екенін, сондай-ақ өртену қаупі, жарылу қаупі бар екенін көрсетеді, содан кейін рұқсат береді.

Жұмысқа рұқсат беру алдында жұмысқа жіберілетін адамдарда біліктілік куәлігінің болуын тексереді. Куәлік болмаса немесе еңбекті қорғау білімдерін кезекті тексеру мерзімі асып кетсе, жұмысқа кірісуге рұқсат берілмейді.

Корытындысында жұмысқа жіберуші жұмыс орнына "Жұмыс орның" деген плакат іледі.

336. Жұмыс орындарының дайындығын тексеру және жұмысқа кірісуге рұқсат беру, жұмысқа жіберушілердің, жұмыс басшысының және жұмысты орындаушысының қолдарымен нарядтың тиісті жолдарында ресімделеді.

Наряд бойынша бастапқы жұмысқа кірісуге рұқсат беру, жұмыс орны көрсетіліп күнделікті рұқсат беру кестесінде ресімделеді.

Нарядтың бір данасы жұмысты орындаушыға беріледі, ал екіншісі жұмысқа жіберушіде қалады және цехтың (учаскенің) қолданыстағы нарядтар папкасында сақталады.

337. Жұмыс басшысы бригада мүшелерінде біліктілік куәліктерінің барлығын тексереді, бригадаға нұсқаулар береді және оны жұмысқа жібереді.

Егер бригада құрамындағы қызметкерлердің куәлігі жоқтығы анықталса немесе білім тексерудің кезекті мерзімі асып кетсе, ол қызметкер бригада құрамынан шығарылады.

338. Осыдан кейін жұмыстарды орындаушы тікелей жұмыс орнында бригада мүшелеріне жұмыстарды қауіпсіз жүргізу тәсілдерін, олардың технологиясын қоса, құралдардың, аспаптардың, тетіктердің, жүк көтеретін машиналардың және т.б. жұмыстардың өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес нұсқаулар береді.

Өткізілген нұсқаулар туралы нарядтың тиісті тарауларында жазылады.

339. Бастапқы рұқсат нарядта көрсетілген мерзімде берілуі тиіс. Рұқсаттың 24 сағаттан артық кешіктіріліп берілуіне ерекшелік ретінде авариялық жағдайға байланысты объектінің жөндеуге шығарылуы кешіктірілгенде ғана жол беріледі. Басқа жағдайларда нарядты қайтара жазу қажет.

340. Гидромеханикалық жабдықпен байланысты немесе гидроқұрылыштарда және ГТС бөлмелерінде орналасқан (электр двигательдері, қалқандар, жинақтау, электр тораптар және т.б.) басқа құрылымдарды жөндейтін жұмыс орнын

дайындау, қауіпсіздіктің қажетті шараларын орындау және жабдықтарды жөндеу жөніндегі жұмысқа рұқсат беру турбина (гидротехникалық) цехының (учаскесінің) жедел қызметкерлерінің жауапты адамының рұқсатымен жүзеге асырылады, мұндай рұқсат күнделікті беріледі және жедел журналда ресімделеді.

341. Жедел қызметкерлер жұмыстар басшысы мен жұмыстарды орындаушының рұқсатынсыз жөндөлетін объектінің схемасына қауіпсіздік шараларына қатысты жұмыс өндірісі жағдайларына ықпал ететін өзгерістер

5. Жұмыс уақытындағы қадағалау

342. Жұмысқа кірісуге рұқсат берілген сәттен бастап бригаданың қауіпсіздік техникасы ережелерін сақталуы үшін жауапкершілік жұмыстарды орындаушыға (байқаушыға) жүктеледі. Жұмыстарды орындаушы өз жұмысын, ал байқаушы қадағалауды бригада мүшелерінің қауіпсіздігі қатысында бақылауды қамтамасыз ететіндей үйімдастыруға тиіс.

343. Жұмыстарды орындаушы (байқаушы) жұмыс орнында тұрақты болуға тиіс.

Жұмысшы (байқаушы) жұмыс орнынан уақытша кетуі қажет болса, оны осы уақытта жұмыс басшысы алмастыра алмаса, бригаданың жұмысын тоқтатып, оны қауіпсіз аймаққа шығаруға тиіс.

Бригада мүшелері жұмыс орнынан жұмысты орындаушының (байқаушының) рұқсатымен ғана уақытша кете алады, ол бригада мүшелері қайта келгенше немесе олардың кеткен орны белгілі болғанша және олардың бригададан кеткені туралы ескертпей, бригадамен жұмыс орнынан кете алмайды.

Қайтып келген бригада мүшелері жұмысқа тек жұмысты орындаушының (байқаушының) рұқсатымен ғана кірісе алады.

344. Жұмыс басшысы мен электр станциясының жедел қызметкерлері жұмыс істеушілердің қауіпсіздік ережелерінің талаптарын сақтауын кезең-кезеңмен тексеріп тұруы тиіс. Өрескел бұзушылықтар бары анықталған жағдайда, жұмысты орындаушыдан наряд алынады және бригада жұмыстан шығарылады. Жұмысқа кірісу үшін екінші қайтара рұқсат цех (учаске) бастығының немесе наряд берушінің рұқсатымен ғана беріледі, бұл жағдайда бастапқы рұқсаттың барлық талаптары орындалып, наряд тиісті түрде ресімделеді, сондай-ақ бригада мүшелерімен қауіпсіздік техникасы жөнінде кезектен тыс нұсқау өткізіліп жедел журналда екінші қайтара берілген рұқсаттың себептері жазылады.

6. Бригаданы басқа орынға ауыстыру

345. Осы Ережелердің 320-бабына сәйкес бірнеше жұмыс орындарына наряд берілген кезде жұмысқа жіберуші бригаданы бір жұмыс орнынан басқа жұмыс орнына ауыстыру жүзеге асырады.

346. Бригаданы басқа жұмыс орнына ауыстыру нарядтың тиісті кестесінде ресімделуге тиіс.

347. Өкім бойынша орындалатын жұмыстар кезінде басқа жұмыс орнына ауыстыруды ресімдеу талап етілмейді.

7. Жұмыстағы үзілістер

348. Жұмыс күні ішіндегі жұмыстағы үзілістер (тұскі тамаққа, жұмыс жағдайы бойынша) бригада жұмыс орнынан кетеді және наряд жұмыстарды орындауда қалауды.

Бригаданың бірде-бір мүшесі осындай үзілістен кейін өз бетімен жұмысқа кірісуге құқығы жоқ, үзілістен кейін өз бригаданы нарядта ресімделмей жұмысты орындаушы өзі жұмысқа кіргізуді жүзеге асырады.

349. Егер бригада жұмыс орнында болмаған кезде, жөнделіп жатқан объектіні іске қосу немесе оның схемасын өзгерту жөнінде авариялық қажеттілік туса, бұл операция цех басшысының (учаске) немесе станциясының ауысым басшысының рұқсатымен жұмыстардың басшысы мен жұмыстарды орындаушысын алдағы өзгертулер туралы хабардар еткеннен кейін ғана орындала алады.

Жұмысты орындаушы мен бригада мүшелері келгенге дейін өндіріс орнында бригаданы жұмысты жалғастыруға жібермеуге міндетті адамдар қойылады.

350. Жөндеу толық аяқталғанан кейін жабдықты жұмыста сынау үшін қосу бригада жұмыс орнынан кетіп, жұмысты орындаушы нарядты жедел қызметкерлерге күнделікті рұқсат беру кестесінде жұмыстың аяқталғанын ресімдеп беріп, уақытша қоршаулар, жабылатын қондырғылар қауіпсіздік плакаттары алынғаннан кейін жүргізіле алады.

Сынау үшін қосқаннан кейін жұмыс орны қайтадан дайындалып, бригадаға жұмысқа кірісу үшін рұқсат қайтадан беріледі. Бұл жағдайда жұмыстардың басшысы нарядтағы күнделікті рұқсат беру кестесінің жұмыс орындаушысы қол қоятын бағанында қол қояды.

351. Жөнделіп жатқан объектілердің жеке элементтерін (тораптарын) сынау электр станциясының бас техникалық басшысы бекітken бағдарлама бойынша жүргізуге тиіс. Бағдарламада сынақ өткізудің технологиялық тәртібі, сынақ кезінде жұмысты тоқтатуға тиіс бригадалардың және осы объектімен көршілес участкелерде жұмысты жалғастыруға рұқсат етілген бригадалардың тізбесі болуға тиіс.

Сынақ цехтың ауысым бастығы мен наряд бойынша жұмыс басшысының тікелей басшылығымен, станцияның ауысым бастығының рұқсатымен жүргізіледі.

Сыналатын элементтегі (тораптағы) жұмыстар тоқтатылып, жұмыс бригадалар жұмыс орнынан кетіріледі, нарядтар тиісті түрде ресімделіп жұмысқа берушіге тапсылады.

Аталған тәртіп бағыттаушы аппаратты жылжыту және жұмыс доңғалағының қалақтарын бұрау, сондай-ақ жөндеуде тұрган гидроагрегат роторын айналдыру жөніндегі операцияларға да таратылады.

352. Электр жетегі бар айналмалы тетіктерді балансировкалау және жабдықтарды жиі қосу мен ажыратуға байланысты қажетті шараларды дайындаپ, нарядта үзілістерді ресімдемей орындауға рұқсат етіледі.

Сыналатын тетіктің жұмыс кезеңінде наряд жұмысқа жіберушіге тапсылады.

Жұмыстар жұмыс басшысының тікелей бақылауымен орындалуға тиіс оның талабы бойынша электр станциясының ауысым бастығы арқылы электр цехының қызметкерлері тетік жетегінің электр схемасын бөлшектеп жинауға тиіс. Осы тетіктерге қызмет көрсететін жедел қызметкерлер тетіктерді қосып ажыратуды жүзеге асырады.

353. Жұмыс күнінің аяғында жұмыс орны жиналады, плакаттар, қоршаулар мен жабылатын қондырғылар орындарында қалады. Наряд жұмысқа жіберушіге тапсырылады.

354. Күнделікті жұмысқа кірісу рұқсаты мен жұмыстың аяқталуы нарядтың екі данасында жұмыстың күні, уақыты, басы мен соны көрсетіліп, жұмысқа жіберуші мен жұмысты орындаушының қолдарымен ресімделеді.

355. Келесі күні жұмысқа жіберуші мен жұмысты орындаушы (бақылаушы) жұмыс орнын қарап қауіпсіздік шараларының орындалуын тексергеннен кейін және нарядтың (бір данасын) жұмысты орындаушы (бақылаушы) алғаннан кейін жұмыс жағасырылады.

8 . Жұмысты аяқтау
Нарядты жабу

356. Жұмыстар толық аяқталғаннан кейін бригада жұмыс орнын жинайды, жұмыстарды орындаушы (байқаушы) бригаданы шығарып, жұмысқа жіберушімен күнделікті рұқсат кестесінде жұмыстың аяғын ресімдеп, нарядты жұмыстардың басшысына тапсырады.

357. Жұмыстардың басшысы жұмыс толық аяқталғаннан кейін жұмыс өндірушісінен жұмыс орнын қабылдап ала отырып, оның орындалуының жеткіліктілігі мен сапасын, бөгде заттардың болмауын және жұмыс орнының тазалығын тексереді. Жұмыстардың басшысы турбина камераларында, соратын құбырлар мен су түбіндегі су тастағыштардағы жөндеу өткізілгеннен кейін

агрегаттың ішін мұқият қарап, онда адамдардың, материалдардың, аспаптардың, құралдардың болмауына көз жеткізуге тиіс.

358. Жұмыс орнын тексергеннен кейін жұмыс басшысымен жұмыстарды орындаушы (бақылаушы) уақыты мен күнді көрсетіп нарядтың "Жұмыс толықтай аяқталды" деген жолына қол қояды.

359. Жұмысқа жіберуші бригададан жұмыс орнын қабылдап алып, адамдардың және бөгде заттардың болмауына көз жеткізіп, жұмыстың орындалу күні мен үақытын көрсетіп нарядқа қол қойып жабады.

360. Жабық (құрылыш) наряд жабылып, сондай-ақ уақытша қоршаулар, жылжымалы плакаттар, жабылатын қондырғылар алынып, тұрақты қоршаулар орнына қойылғаннан кейін жұмысқа (резервке) қосыла алады. Жөндеуден кейін гидроагрегатты іске қосу барлық қақпақтар, дренаждық қондырғылар жабылғаннан кейін ғана рұқсат етіледі. Бұрылатын қалақ турбиналардың су өтетін бөлігін толтырмас бұрын бағыттаушы аппарат жабылып тоқтауға, жұмыс доңғалағының қақпақтары жабылуға (жиналуға) тиіс.

7. Жұмыс қауіпсіздігінің қамтамасыз
ететін техникалық шаралар
1. Жаңпы ережелер

Гидротехникалық құрылыштар мен гидротехникалық жабдықтардағы жөндеу жұмыстары кезінде жұмыс істеушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін техникалық шаралар орындалуға тиіс. Олардың құрамына мына шаралар енеді:

Су, май, қысымды аяа және т.б. тұсуді тоқтату үшін қақпақтардың қалқандарын, ысырмаларды жабу;

құрылышты, турбинаның су өтетін бөлігін судан босату үшін ысырмаларды, қалқандарды, қақпактарды ашу;

гидрогенератордың электр схемасын бөлшектеу, генератордың роторын төзөгүшкө көю;

қақпақтармен, тетіктермен қате операцияларды болдырмайтын операциялар электр қоректі ажырату гидрожетектің май өткізгіштерін жабу (қып тастау), жабылатын құрылғыларды қолдану;

уақытша қоршауларды, жылжымалы плакаттар мен қауіпсіздік белгілерін қолдану.

2. Гидроқұрылыштарды жөндеу кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі техникалық шаралар

361. Деривациялық құрылыштардағы су тұндыру камераларындағы теңестіру резервуарлары мен басқа объектілердегі жөндеу жұмыстары әдеттегідей құрылышта су болмаған кезде орындалады. Ерекше жағдайларда каналдағы

судың деңгейінен жоғары аймақта оларды ажыратпай орындалуы мүмкін. Осындай жұмыстарды орындау туралы шешімді электр станциясының бас техникалық басшысы қабылдайды.

362. Каналда, туннелде, су тұндырғышта және басқа да құрылыштарда жұмыстар басталар алдында, олар судан босатылады, су кіретін қақпақтар берік жабылып, су тастайтын қақпақтардың кенеттен ашылу мүмкіндігін болдырмайтын шаралар қолданылады.

363. Қызметкерлер босатылған қысымды бассейнге деривациядан су келу толық тоқтап, қысымды құбырлар босап, су түбіндегі қақпақтар толық ашылғаннан кейін ғана жіберіледі.

364. Қысымды құбырлардың жөндеудің барлық кезеңінде жоғарғы жақтағы қақпақтар жабық болуға және олар ашылып кетпеу үшін шаралар қолдануға тиіс (қақпақтар тоқтатқышқа қойылады, қысым алынады, электр қорегі ажыратылады, ескерту плакаттары ілінеді және т.б.).

365. Қысымды құбырларды қарағанда және жөндеген кезде құбырдың жарылуына қарсы автоматтық қорғау істен шығарылуға тиіс.

3. Механикалық жабдықтарды жөндеу кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі техникалық шаралар

366. Тетіктерде жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін тетіктің айналмалы бөліктерін қозғалу (айналу) мүмкіндігінен айыру қажет, ол үшін мыналарды қолдану қажет :

двигательдің электр қорегін ажыратуды (схемасын бөлшектеуді);
тетіктің гидрожетегі мен пневможетегіндегі май, су, ауа құбырларының тиекті арматураларын жабуды;

коммутациялық аппараттар мен ысырмалардағы (вентильдегі) тиекті қондырыларды;

қақпақтарды тоқтатқыштар мен қапсырмаларға орнату;
қауіпсіздіктің тыым салатын "Жабуға (ашуға) болмайды - адам жұмыс істейді", "Қосуға болмайды - адамдар жұмыс істейді" деген плакаттар (белгілер) ілу .

367. Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды жөндеген кезде, жөнделетін участкеден қысым алынып, ысырмаларда қысымды беруге және тиекті арматурамен жұмыс істеуге тыым салатын плакаттар ілінуге тиіс.

368. Ауа жинағыштарды және ауамен қамту жүйесінің сыйымдылықтарын қарау және жөндеу үшін, олар тораптан бұқтырмалармен сенімді етіп ажыратылуға, қысымды ауадан босатылып, 10 минуттан кем емес уақыт бойы таза ауамен үрленіп тазартылуға тиіс. Тұбектердің арматурасында тиектер

орнатылып, тыйым салатын плакаттар ілінуге тиіс.

4. Гидроагрегаттарды жөндеу кезіндегі қауіпсіздікті сақтау жөніндегі техникалық шаралар

369. Турбинаның су өтетін бөлігіндегі, гидрогенератордың роторындағы, бағыттаушы аппараттағы, гидроагрегаттың айналмалы бөліктеріндегі жөндеу жұмыстары жөндеу қақпақтары түсіріліп, су жіберетін ысырмалар ашылып және турбинаның су ағатын бөлігі кептіріліп орындауға тиіс. Мұның өзінде тиектердің ашылуын, жұмыс донғалағының қалақтарының айналмауын, турбинаның бағыттаушы аппаратының жылжуын болдырмайтын шаралар қолданылуға тиіс (қақпақтардың тетіктері тоқтан ажыратылуы, бағыттаушы аппарат пен турбинаның қалақтары орнықтырылуы, генератордың роторы тежегішке қойылуы, тыйым салатын плакаттар ілінуі тиіс және т.б.).

370. Агрегаттардың су өтетін бөліктерінде қақпақтар мен турбинаның бағыттаушы аппараттары арқылы судың ағуын алдын-ала анықтамай жұмыстар орындауға тыйым салынады .

Су соратын қондырғылар қатардан шыққан кезде, құбырдан жұмыс донғалағы білігінің белгісіне дейін су толу уақыты қызметкерлерді айналмалы элементтердегі жұмыс орындарын және гидроагрегаттың су өтетін бөлігінен шығару, турбинаның қақпағындағы тесіктерді тазалау, бағыттаушы аппаратты (егер ол ашық болса) және серіппелі камерадан су жіберетін ысырманы жабу үшін жеткілікті болуға тиіс.

371. Ерекшелік ретінде генератордың роторындағы жөндеу жұмыстары турбинаның су өтетін бөлігін судан босатпай жүргізіле алады. Бұл жағдайда жоғарғы бьеф жағындағы қақпақ түсіріліп, бағыттаушы аппарат жабылып тоқтатылуы, ротор тежегішке қойылып, турбинаның қалақтары жиналып, ротор насосының электр схемасы бөлшектенуге тиіс.

372. Жоғарғы қысымды гидроэлектр станцияларында турбина қақпағы жабық болған кезде, ол авариялық жөндеуде тұрса, қысымды құбырды судан босатпай гидроагрегаттың айналмалы бөлігінде жөндеуді жүргізуге жол беріледі. Бұл жағдайда турбина қақпағы ашылып кетпеу үшін шаралар қолданылуға тиіс (тоқтатқышқа орнату, қақпақты басқарудың золотниктеріне май өткізетін ысырмаларды жабу немесе МНУ қазандарынан қысымды алу, қақпақты басқарудың сервомоторлар қуыстарынан дренажға ысырмаларды ашу) және турбинаның су өтетін бөлігінен су өтетін ысырмаларды ашу (серіппелі камера мен соратын құбырдан). Қақпақ тоқтатқыштың орны айқындалып, ысырмалар құлыпталып, оларға "Ашуға болмайды-жұмыс жүріп жатыр" деген плакаттар ілінуге тиіс .

Қақпақ золотниктеріне май өткізу тоқтатқыштың орнымен тоқтатқыш жабық болғанда золотникке май өтпейтіндей блокталуға тиіс.

Жұмыс жұмыстар басшысының тікелей бақылауымен жүргізіледі.

373. Жылдамдықты реттегішті жөндеген кезде реттегішті МНУ мен байланыстыратын, қотаратын және қысымды май өткізгіштер бос болып, май өткізгіштердің толуына мүмкіндік бермейтін шаралар орындауға тиіс.

8. Жолсапармен келген қызметкерлердің жұмыс өндіруі

374. Басқа ұйымдар мен кәсіпорындардың жұмыс істеп тұрған және оның штатындағы емес энергетикалық кәсіпорынға жұмыс орындауға жіберілген бөгде ұйымдар мен кәсіпорындардың қызметкерлері жолсапармен келген қызметкерлерге жатады.

375. Гидроқұрылыштар мен гидромеханикалық жабдықтардағы жолсапармен келген қызметкерлерге жұмыстарға рұқсат беру осы Ережелерге сәйкес жүзеге асырылады. Жолсапармен келген қызметкерлерде жолсапарға жіберген ұйым берген білім тексеру туралы белгісі бар біліктілік күйдіктері болуға тиіс.

376. Жолсапарға жіберген кәсіпорын нарядтар мен өкімдер бойынша жұмыстарды қауіпсіз орындау үшін жауапты адамдардың функцияларын орындауға өкілетті адамдарды, сондай-ақ наряд (өкім) беру құқығы берілген қызметкерлерді жазбаша түрде атауға тиіс.

377. Жолсапармен келген қызметкерлер жұмыстар басшысы немесе орындаушысы болу құқығын жолсапарға жіберуші кәсіпорынның хатында бұрыштамамен немесе пайдалану кәсіпорынының басшысының нұсқауымен ресімделуге тиіс.

Жолсапармен келген қызметкерлерге наряд (өкім) беру құқығын беру пайдалану кәсіпорынының бас техникалық басшысының жазбаша нұсқауымен ресімделуге тиіс.

378. Жолсапармен келген әрбір қызметкерлер жолсапар орнына келгеннен кейін жұмыс орнында кіріспе нұсқаудан және бастапқы нұсқаудан өтуге, нұсқаулар пайдалану кәсіпорынының тиісті журналдарында ресімделуге тиіс.

379. Жолсапарға жіберуші кәсіпорын өз қызметкерлерінің білім күйдіктерінде көрсетілген біліктілікке сай келуіне және олардың қауіпсіздік пен еңбекті қорғау

нормаларын

орындауына

жауапты.

380. Объектілерінде жолсапармен келген қызметкерлер жұмыс істейтін пайдалану кәсіпорны жұмыс орнын дайындаған кезде, қауіпсіздік шараларының орындалуы бригаданы жұмысқа жіберуді дұрыс үйімдастыру және жұмыстар өндіру кезінде оған қадағалау жасау үшін жауап береді.

381. Бірнеше үйім бір уақытта бір жабдықта (құрылышта) жұмыстар орындаған кезде, цех (учаске) басшысы осы үйімдардың (учаскелердің) басшылығымен бірлесе отырып жұмыстар өндірісінің бірлескен кестесін және қауіпсіздік техникасы жөніндегі жалпы шараларды әзірлеуге тиіс. Аталған құжаттарды пайдалану кәсіпорнының бас техникалық басшысы бекітуге тиіс.

382. Егер жұмыстарды құрылыш-монтаж үйімы арнайы қоршаған аймақта орындаса, жұмыстар СНиП III-4-80 акт-рұқсаты бойынша орындалады. Акт-рұқсаттың нысаны осы Ережелердің 8-қосымшасында келтірілген.

1-қосымша

**Электр станцияларыны гидрокұрылыштары мен
гидромеханикалық жабдықтарында орындау үшін алдын-ала
және кезең-кезеңмен медициналық тексеруден өту талап
етілетін жұмыстардың**

Тізбесі

(КР Денсаулық сақтау министрлігінің 21.10.93 ж. N 440 бұйрығының 1, 2-қосымшаларынан көшірме).

NN	Жүргізілетін жұмыстардың сипаты	Θту
		к е з е н д і .
		л і г і

1. |Биіктікте орындалатын жұмыстар немесе биіктікке шығумен |2 жылда |
| байланысты жұмыстар, көтергіш құрылғыларға қызмет көрсету |1 рет |
| жөніндегі жұмыстар. |
2. |Биіктікке шығумен байланысты жұмыстар. |жылына |
3. |Кернеуі 127 және одан жоғары В жұмыс істеп тұрган электр |1 рет |
| қондырғыларына қызмет көрсету. |

4. Жарылғыш материалдарды қолданумен байланысты жұмыстар.	2 жылда
5. Механикалық жабдықтарда (станоктарда, престерде, механика.	1 рет
лық қайшыларда және басқаларда) орындалатын жұмыстар.	3 жылда
6. Көліктің қозғалысымен тікелей байланысты жұмыстар, соның	1 рет
ішінде көліктің жүруімен (тракторлардың, басқа өзі жүретін 3 жылда	
тетіктердің, автотиегіштердің, электрокарлардың жүргізуши.	1 рет
лері және т.б.) байланысты жұмыстар	
7. Полимерлі эмульсияларды, лактерді, бояуларды қолданумен	2 жылда
байланысты жұмыстар.	1 рет
8. Эпоксидті смолалар мен компаундарды қолданумен байланысты	жылына
жұмыстар.	1 рет
9. Этилденген бензинді қолданумен байланысты жұмыстар	жылына
	1 р е т
10. Жүкті ұдайы қолмен жылжытумен байланысты жұмыстар.	2 жылда
	1 р е т

Ескертулер: 1. "Өзен көлігін техникалық пайдалану ережелеріне" сәйкес (Алматы, 1995) жүзушілер құрамы алдын ала және жыл сайын медициналық күәладіруден өткізіледі.

2. РД 84.01-90 сәйкес сұнгуір жұмыстарына жіберілген адамдар алдын-ала және жыл сайын медициналық тексеруден өтеді.

2-қосымша

Жасы 18-ге жетпеген адамдардың еңбегін пайдалануға тыйым салынатын еңбектің ауыр және зиянды жағдайлы жұмыстардың Тізбесі

1. Гидроэлектростанцияларының машина (турбина) цехындағы жөндеу жұмыстары.
2. Газбен және электрмен дәнекерлеу жұмыстары.
3. Құрамында қорғасыны бар жапсырмаларды дәнекерлеу жұмыстары.
4. Жүк көтеретін машиналар мен тетіктерге краншы, машинист, стропальщик, такелажшы ретінде қызмет көрсету.
5. Этилденген бензинде жұмыс істейтін автокөлік құралдарын, электр, автожүккөтергіштерді, тракторларды жүргізу, көлік құралдарын жөндеу, шина монтаждау жұмыстары.
6. Тау-кен қадағалау органдары қадағалайтын сыйымдылықтар мен труба құбырларына қызмет көрсету.

7. Хлораторлық жабдықтарға қызмет көрсету.
 8. Сұңгуір жұмыстары, су асты және сұңгуір жұмыстарына қызмет көрсету.
 9. Рентгено-гамма-дефектоскопия.
 10. Биіктікте орындалатын жұмыстар.
 11. Жарылғыш заттарды сақтау, тасымалдау және қолдану.
 12. Пневматикалық құралдар мен құрылыш-монтаж пистолетін қолданумен байланысты жұмыстар.
 13. Ашық сынаппен жұмыс істеу.
 14. Мұнай өнімдерімен жұмыс істеу.
 15. Нитробояулар қолданып пульверизациялап бояу, сондай-ақ асфальт лактарымен жұмыстар орындау.
 16. Ағашқа антисептистер мен оттан қорғау құрамдарын сіңіру.
 17. Жер жұмыстары.
 18. Жер асты құрылыштарындағы жұмыстар.
 19. Жанармай және жарылғыш материалдар, улы химикаттар, қышқылдар мен сілтілер, хлор және хлорлы әк сақталатын арнайы қоймаларға қызмет көрсету.
 20. Жасөспірімдер үшін белгіленген нормалардан артық ауырлықтарды көтеру және жылжыту.
 21. Абразивті құралдарды сынау.
 22. Компрессорлық қондырғыларға қызмет көрсету.
- 3-қосымша
- Қауіпсіздіктің қосымша (жоғары) талаптары
қойылатын жұмыстар мен мамандықтардың
Тізбесі**
1. Мамандықтар
 1. Сұңгуірлер.
 2. Үй төбесін жабушылар.
 3. Құрылыш машиналары мен тетіктердің машинистері.
 4. Жүк көтеретін машиналардың машинистері (краншылар, операторлар).
 5. Гидромеханикаландыру жабдықтарының машинистері.
 6. Цех ішіндегі көлік пен жүк көтергіштердің жүргізушилері.
 7. Компрессорлық қондырғылардың машинистері.
 8. Құммен тазалаушылар.
 9. Техникалық флоттың жүзу құрамы.
 10. Стропальщиктер, такелажшылар.
 11. Торкремчиктер.

2 . Жұмыстардың түрлері

1. Жоғары шығу жұмыстары және биіктікте орындалатын жұмыстар.
2. Тұйық кеңістікте (сыйымдылықтарда, бөліктерде, бокстерде, труба құбырларында) орындалатын жұмыстар.
3. Терендігі 2 м-ден асатын құдықтарда, шурфтарда, орлар мен шұңқырларда орындалатын жұмыстар .
4. Үйлерді, құрылыштарды, саты ағаштарды, төсеме ағаштарды, шегендерді монта ждау және бөлшектеу .
5. Жүк көтеретін машиналарға, технологиялық және станоктық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету .
6. Тастандарды сырғыту және тау баурайларының құламаларын бекіту.
7. Образивті тастандарды сынау және оларды құралдарға орнату.
8. Мұз үстінен өтетін жерлер мен жолдарды, өткелдер мен паром өткелдерін орнату және оларға қызмет көрсету .
9. Ағаш пен ағаш бұйымдарының химиялық және оттан қорғау қорғанысы.
10. Қысыммен жұмыс істейтін сыйымдылықтарға қызмет көрсету.
11. От пең газдан қауіпті жұмыстар .
12. Қолға ұстайтын электр және пневмомашиналар мен құралдарды қолданып орындалатын жұмыстар .
13. Суық және ыстық битум мастикаларын дайындау және қолдану.
14. Жарылғыш материалдарды, газ баллондарын, күйдіретін және улы сұйықтар мен материалдарды, сондай-ақ қауіпті жүктерді сақтау және тасымалдау .
15. Тоқтатқыштарды жасау және сынау.
16. Жер асты кен орындарындағы жұмыстар.
17. Электр беріліс желілерінің күзетілетін аймақтарындағы жұмыстар.
18. Бетон ерітіндін шашырату және шаңдату әдісімен қондыру.
19. Пектерді, эпоксидті смолаларды, лак-бояу материалдары мен басқа да улы қасиеттері бар химиялық заттарды қолданылып орындалатын жұмыстар.
20. Тез тұтанатын, жанатын және жарылу қаупі бар сұйықтар мен материалдарды қолданылып орындалатын жұмыстар .
21. Радиоактивті заттар мен ионды сәулелі көздер қолданылып орындалатын жұмыстар .
22. Ұңғырлар мен шпурларды бұрғылау.
23. Топырақ пен іргетасты цементтеу және химиялық жолмен бекіту.
24. Жарылыс жұмыстары

**Жүкті қолмен көтеріп жылжыту кезіндегі
рұқсат етілетін шекті ауырлықтың
Нормалары**

Ер жынысты жасы 16-18-дегі жасөспірімдер үшін - 16,4 кг.
Жасы 18-ден асқан ерлер үшін - 50,0 кг.

Әйелдер үшін :

басқа жұмыстармен кезектестіргенде ауырлықты
көтеру және жылжыту (сағатына 2 ретке дейін) - 10,0 кг.
жұмыс ауысымы ішінде ауырлықтарды тұрақты
көтеру және жылжыту - 7,0 кг.
Жұмыс ауысымының әрбір сағаты ішінде
әйелдер орындағытын динамикалық жұмыстың
көлемі мына ауырлықтардан аспауға тиіс:
жұмыс бетінен - 1750 кг-нан
еденнен - 875 кг-нан

Ескертулер :

1. Жасөспірімдерге аталған жүкті, егер осы жұмыс мамандыққа қатысты негізгі жұмыспен байланысты болса және олардың жұмыс уақытының 1/3-тен аспайтын уақытын алса ғана көтеріп жылжытуға жол беріледі.
2. Жасөспірімдер ауырлықтарды тұрақты жылжытуға байланысты жұмыстар орындаған кезде жүктің ауырлығы 4,1 кг-нан аспауға тиіс.
3. Жүкті арбамен немесе контейнерлермен жылжытқан кезде күш салу тәмендегі көрсеткіштерден аспауға тиіс:
жасы 18-ден асқан ерлер үшін - 15,0 кг-нан,
жасы 18-ден асқан әйелдер үшін - 10,0 кг-нан.
4. Көтерілетін және жылжытылатын жүктің массасына ыдыстың және буып-түйген заттардың массасы кіреді.

5-қосымша

**Аптечкада болуға тиіс дәрі-дәрмек пен аспаптардың
Тізбесі
(РД 34.03.702. үзінді)**

м е н д ә р і - д ә р м е к т е р

1

2

3

1.	Таңатын пакет	Таңғыш салу үшін	5 дана
2.	Стерилденген бинт	Сондай	5 дана
3.	Ылғал жұтқыш мақта, "-"		50 гр.
		к л и н и к а л ы қ	
	хирургиялық	" - "	5 қорап
4.	Бұрау	Қан ағуды тоқтату үшін	1 дана
5.	Шиналар	Сүйек сынғанда, шыққан кезде	3-4 дана
		а я қ - қ олды бекіту үшін	
6.	Мұз үшін резенке желқабық	Жараланғанда, сүйек сынып, шыққан кезде жарақаттанған жерді	1 дана
		с у ы т у ү ш і н	
7.	Стакан	Дәрі қабылдау, көзді, асқазанды жуу, ерітінді жасау үшін	1 дана
		Ерітінді жасау үшін	1 дана
8.	Ас қасық	Жаралардың, терідегі сываттың жанындағы тканьдарға жағу үшін)	1 құты
9.	Йод (5% спирт ерітіндісі)	(50 мл)	
10.	Мұсәтір спирт (аммиактың 10%	Талма ұстаған кезде қолдану үшін	1 құты
		(50 мл)	
		е р і т і н д і с і)	
11.	Бор қышқылы	Көз бен теріні жуу, сілтімен куйген кезде ауызды жуу үшін	1 құты
		(25 гр.)	
		ерітінділер жасау үшін; электр доғасы күйдірген кезден көзге	
		т а р т у ү ш і н)	
12.	Ас содасы (натрий гидрокарбонаты немесе натрий көмір қышқылы)	Көз бен теріні жуу, қышқылмен	1 пакет
13.	Сутегінің асқын тотығығының ерітіндісі	Немесе уланған кезде ауызды жуу үшін ерітінділер жасау үшін	(25 гр.)
		Мұрыннан аққан қанды тоқтату,	1 құты
		ұлken емес жараларды сұрту үшін	(50 мл)
		(3 % - т і)	
14.	Валериана тұнбасы	Нерв жүйесін тыныштандыру үшін	1 құты
15.	Ашты (ағылшын) тұзы.	Астан уланған кезде ішу үшін	50 гр.
16.	Активтеріндірілген	сондай	50 гр.

көмір (ұнтақ)

17. Марганец қышқылды	Аспен және басқамен уланған	50 гр.
калий (кристалдар)	кезде ішүү үшін	
18. Валидол немесе	Жүрек тұсы қатты ауырған	1 түтік
нитроглицерин	кезде ішүү үшін	

19. Амидопирин,
анальгин (таблеткалар) Ыстық түсіретін және ауырғанды 2 дана
басу ішүү үшін

Ескертулер: 1. Ас содасы мен бор қышқылының ерітінділері, қышқылдар мен сілтілер қолданылып орындалатын жұмыс орындарына ғана болғаны көзделеді.

2. Улы газдар мен зиянды заттармен улану мүмкіндігі бар цехтар мен лабораторияларда аптечка құрамы толықтырылуға тиіс.

3. Бірінші көмек көрсету сөмкесі құралдарының құрамына мұз сақтайтын резенке желқабығы, стакан, ас қасығы, бор қышқылы және ас содасы кірмейді.

Бірінші көмек сөмкесіне қалған құралдар тізбеде көрсетілгендердің 50%-і салынады.

4. Жазғы кезеңде жәндіктер шағу қаупі бар жұмыс орындарында аптечкаларда (бірінші көмек сөмкелерінде) димедрол (бір данасы) және кордиамин (бір құты) болуға тиіс.

5. Аптечканың қақпағының ішкі бетінде қажет етілетін дәрі-дәрмектің тізбесі болуға тиіс.

6-қосымша

Ф	о	р	м	а	т	ы
2	9	7	х	2	1	0

(ұсынылатын)

Сұнгуір жұмыстарын өндіру үшін нарядтың нысаны

N н а р я д

(ұйымның, кәсіпорынның атауы)

Жұмыс орны _____

(Күні, айы, жылы)

(порт, аудан)

Сұнгуір станциясы N _____

(сұнгуір станциясының атауы және оның орналасуы)

Негізі _____

(өтініштің нөмірі мен күні және т.б.)

Сұраныс беруші _____
(кәсіпорынның атауы, мекен-жайы)

Сұнгуір жұмыстарының басшысы _____
(қызметі, тегі, аты-жөні)

Су астына түсетіндердің басшысы _____
(біліктілігі, тегі, аты-жөні)

Сұнгуірлер _____
(сыныбы, тегі, аты-жөні)

Медициналық қамтуды _____
(қызметі, тегі, аты-жөні)
жүзеге асырады

Тапсырыс бойынша жұмыстарды орындау: басы _____
(күні, уақыты)
соңы _____
(күні, уақыты)

6-қосымша жалғасы

Объект, жұмыстардың қысқаша сипаты, олардың көлемі, орындауды
ұйымдастыру және жүйелілігі _____

Жұмыстарды орындау үшін қызметкерлер мен техникалық қуралдар
бөлінеді _____

Нарядқа қоса тіркеледі: _____
(схемалардың, сыйбалардың жұмыс тізбелері

мен нөмірі және т.б.)

Жұмыстарды өндіру кезінде қауіпсіздіктің мына шаралары
орындалуға тиіс: _____

Нарядты берген _____
(қызмет, қолы, аты-жөні, тегі)

Нарядты қабылдаған _____
(қызметі, қолы, тегі, аты-жөні)

Келісілді: Сұраныс жасаушының жауапты өкілі _____

(қызметі, қолы, аты-жөні, тегі)

Тапсырманы орындау жөніндегі белгі _____

Сұнгур жұмыстарының басшысы _____
(қолы)

Су астына түсетіндердің басшысы _____
(қолы)

(уақыты, күні)

Ф о р м а т ы

7 - қ о с ы м ш а

297x210 (міндетті)

**Гидроқұрылыштар мен гидромеханикалық жабдықтардағы
жұмыстар үшін наряд нысаны**

К ә с і п о р ы н

Цех _____

N наряд

Жұмыстардың басшысына _____
(тегі, аты-жөні, қызметі)

Жұмыстарды орындаушыға _____
(байқаушыға) (тегі, аты-жөні, қызметі)

Жүктеледі _____
(объект, жұмыс орны, жұмыстың мазмұны)

Жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін _____

(жұмыс орнын дайындау және қауіпсіздік шаралары жөніндегі

шаралар, соның ішінде басқа цехтардың жедел қызметкерлері

орындауға тиісті шаралар)

Ерекше жағдайлар _____

Жұмыстың басталуы _____
(күні) (уақыты)

Жұмыстың соны _____
(күні) (уақыты)

Нарядты берген _____
(қолы) (аты-жөні, тегі)

Жұмыс уақыты _____ дейін ұзартылды _____
(уақыты, күні)

_____ (қызметі) (қолы) (аты-жөні, тегі)

Бригада құрамы _____
(жұмысты өндірушісіз адам саны, тегі, аты-жөні, разряды)

Жұмыс бастышы: _____
(қолы, аты-жөні, тегі)

Жұмыс өндірісінің шарттары орындалғаны туралы станцияның ауысым
бастығына хабарланды _____
(тегі, аты-жөні, уақыты)

Цехтың жедел кезекшісі _____
(қолы, аты-жөні, тегі)

Басқа цехтардың қызметкерлерінің жұмыс орындарын дайындау
жөніндегі шаралар орындалды: _____
(цех, жедел қызметкердің тегі)

Жұмысқа кірісуге рұқсат беремін:

Станцияның ауысым бастығы _____
(қолы, аты-жөні, тегі)

(Рұқсат телефон арқылы берілген кезде "қолы") деген жолда
хабарды алған адам қол қойып "телефон арқылы" деген белгі
қойылады.

Жұмыс істеп тұрғандар: _____
(жұмыс орнының маңында орналасқан және кернеу,

қысым астындағы, айналымдағы құрылыштар мен жабдықтар)

Жұмыс өндірісінің жағдайларының орындалуы тексерілді, жұмыс
істеп тұрған жабдықтармен және құрылыштармен тізбе бойынша және

жұмыс орнымен таныстырылды, жұмысқа жіберілді _____
(уақыты, қуні)

Жұмыстардың басшысы _____
(көлі) (аты-жөні, тегі)

Жұмыстардың орындаушы _____
(көлі) _____ (аты-жөні тегі)

Рұқсат беруші _____
(коды) _____ (аты-жөні, тегі)

Бригадамен нұсқау өткізген: _____
(у а к ы т ы)

(жұмыс басшысының көлі аты-жөні тегі)

Нұсқаудан өтті _____
(жумысты орындаушылардың бригада мүшелерінің

колдары, аты-жөндері, тегі)

Күн сайын жұмысқа рұқсат беруді, жұмыстың аяқталуын, басқа жұмыс орнына ауыстыруды ресімдеу

| Жұмысқа рұқсат беру | Жұмыстарды аяқтау |

|Жұмыс |Қауіпсіздік шаралары тексерілді,|Бригада шығарылды,
|орындары. |бригада нұсқаудан өтті және жұмыс|наряд тапсырылды
|ның атауы |орнына жіберілді

Күні, Рұқсат Жұмыстарды Күні, Жұмыстарды Рұқсат	уақыты беруші өндіруші уақыты өндіруші беруші				
(қолы) (байқаушы)	(байқаушы) (қолы)	(байқаушы) (қолы)	(қолы)	(қолы)	

A horizontal timeline representing the years from 1990 to 2010. The timeline is a solid black line with vertical tick marks at each decade, starting from 1990 and ending at 2010.

— — — — — Бригада құрамына !Бригада құрамынан !Күні, уақыты ! Басшылары
енгізілді (тегі, аты-!шығарылды (тегі, аты- !
жөні, разряды) !жөні, разряды) !

— — — — — Жұмыс толықтай аяқталды: _____

— — — — — (уақыты, күні)

Жұмыстарды өндіруші байқаушы _____

— — — — — (қолы)

Жұмыс орындары тексерілді, наряд жабылды

Жұмысқа рұқсат беруші _____
(қолы) (уақыты, күні)

Ф о р м а т ы

8 - қосымша

297x210 ұсынылатын

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорынның аумағында құрылыш-монтаж
жұмыстарын өндіру үшін акт-рұқсаттың нысаны

А к т - р ұ қ с а т

қаласы (пос.)

19 жылғы "___"

(кәсіпорынның (цехтың, участкенің) атауы)

Біз, төменде қол қойғандар, цех (учаске) бастығы _____
(тегі, аты-жөні)

және жұмыстардың өндірісі үшін жауапты бас мердігердің өкілі
төмендегілер туралы осы актіні жасадық:
(тегі, аты-жөні, қызметі)

Кәсіпорын _____
координаттарымен шектелген участкені _____

(біліктердің, белгілердің және сызбаның N)
онда бас мердігердің техникалық қызметкерлері-өкілдерінің басшылығымен:
басы " _____" соны " _____" мерзімге
жұмыстардың өндірісі үшін бөледі.

Жұмыстар басталғанға дейін жұмыстарды өткізуінде қауіпсіздігін
қамтамасыз ететін мына шараларды орындау қажет

NN ! Шаралардың атауы ! Орындау мерзімі ! Орындаушы (тегі, аты-жөні,)
!
!
! ყ ы м

Ф о р м а т ы 9 - қ о с ы м ш а
297x210 мм (ұсынылатын)
Нарядтар мен өкімдер бойынша жұмыстардың есебін
жүргізу журналының нысаны. Мұқаба

Нарядтар мен өкімдер бойынша жұмыстардың
е с е б і н ж ү р г і з у
Журналы

Ф о р м а т ы 9 - қ о с ы м ш а
297x210 мм (жалғасы)
Нарядтар мен өкімдер бойынша жұмыстардың есебін
жүргізу журналының нысаны. Бірінші беті

Нарядтар мен өкімдер бойынша жұмыстардың
е с е б і н ж ү р г і з у
Ж у р на л ы

(кәсіпорынның, ұйымның атауы)

(цехтың, участкенің атауы)
Басталды _____ 19 ж.
Аяқталды _____ 19 ж.

Ескерту 1. Журналдың беттері нөміренуге және алғыншын тасталу және бет
қ о с у д а н к о р ф а л у ғ а т и і с .
2. Толтырылған журналды сақтау мерзімі - 6 ай.

— — — — —

Өкім. Наряд. Жұмыс. Жұмыс. Өкім Өкімді Жұмысқа Жұмыс
нің N тың N тың тарды бойынша берген кірісті аяқталды
орны өндіруші жұмыс адам (күні, (күні,
мен немесе істейтін (тегі, уақыты) уақыты)
атауы байқаушы бригада аты-
(тегі, мүшелері жөні)
аты - (тегі,
жөні) аты - жөні)

— 1 — 2 — 3 4 5 6 7 8

10-қосымша

**Ережелер мәтінінде сілтемелер жасалған нормативтік құжаттардың
Т і з б е с і**

Ережелердің Құжаттың белгіленуі Құжаттың атауы
б а п т а р ы

— 1 — 2 — 3

1.1. ГОСТ 12.0.004.-90 ССБТ. Еңбек қауіпсіздігін оқытуды
үйымдастыру. Жалпы ережелер

1.6. РД 34.12.102-89 Энергетикалық өндіріс кәсіпорын.
дарында қызметкерлермен жұмысты
үйымдастыру тәртібі
РД 34.03.702 Энергетикалық жабдықтарға қызмет

		көрсетеу кезіндегі қайғылы оқиға. ларға байланысты бірінші көмек көрсетеу жөніндегі нұсқау.
1.7.	РД 03.605	ҚСРО Энергетика министрлігінің жұмысшылары мен қызметкерлері үшін жеке қорғаныс құралдарын қолдану және олардың күтімін ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстар.
	ОСТ 34-70-821-86	Жұмысшылар мен қызметкерлерді жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету, оларды ұстау, пайдалану және оларды күту т ә р т і б і
2.1.1 2.8.2,	ГОСТ 12.4.026-76	ССБТ. Сигнал түрлері мен қауіпсіздік белгілері 3 . 5 . 5 , 3 . 6 . 4 .
2.1.2, 2 . 1 . 8 .	ГОСТ 10807-78	Жол белгілері. Жалпы техникалық ш а р т т а р .
2.1.17.	ГОСТ 12.1.005-88	ССБТ. Жұмыс аймағының ауасы. Жалпы санитарлық-гигиеналық т а л а п т а р .
	СН-1. 02. 011-94	Жұмыс аймағының ауасындағы зиянды заттардың шекті рұқсат етілетін шоғырлануы.
	СН-1.02. 006-94	Өндіріс бөлмелер микроклиматының санитарлық нормалары.
2.1.18.	СНиП 2. 04. 05-91	Жылдыту, желдету, кондиционерлеу.
2.1.22	СНиП 2. 09. 04-87	Әкімшілік және қосалқы үй-жайлар
	ГОСТ 12.1. 004-91	ССБТ. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы т а л а п т а р .
	РД 34. 03. 301-87	Энергетикалық кәсіпорындар үшін өрт қауіпсіздігінің ережелері
	РД 34.49.503-94	Энергетика саласының объектілерінде өрт сөндіретін алғашқы құралдарды ұстау және қолдану жөніндегі үлгілік нұсқау .
2.2.1.	ГОСТ 12.2.062-81	ССБТ. Өндірістік жабдықтар. Корғаныш құралдары

2.2.2.	ГОСТ 23120-78	Иірілмелі басқыштар, құқрыш алаңдар мен қоршаулар. Техникалық шарттар.
2.2.3.	ГОСТ 12.2.064-81	ССБТ. Өндірістік жабдықтарды басқару органдары. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары.
	РД 34.20.501	Электрстанциялары мен жүйелерді техникалық пайдалану ережелері.
2.3.2.	ГОСТ 12.3.009-76	ССБТ. Кәсіпорындардағы жүкті тиеттүсіру жұмыстары. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары.
	ГОСТ 12.3.020-80	ССБТ. Кәсіпорындарда жүкті жылжыту процестері. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары.
	РД 34.03.225.	КСРО Энергетика министрлігінің ішкі темір жолдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар.
2.4.1, 2.5, 2.8.1, 2.10.1, 8 . 9 .	СНиП 111-4-80	Құрылым нормалары мен ережелері. Жұмыстарды өндіру және қабылдау ережелері. Құрылыштағы қауіпсіздік
2.4.1.	ГОСТ 24258-88	Тас төсеу құралдары. Жалпы техникалық ережелер.
	ГОСТ 27321-87	Құрылым-монтаж жұмыстарын салу үшін қойылатын төсеме ағаштар.
2.4.1.	ГОСТ 28012-89	Техникалық шарттар.
2.4.2, 2.4.9, 2.4.11, 2 . 8 . 7 , 2 . 8 . 1 9 ,	РД 34.03.204.	Бөлшектеніп-жиналатын жылжымалы төсемдер. Техникалық шарттар.
2.4.9.	ГОСТ 26887-86	Құралдармен және сайдандармен жұмыс істеген кездегі қауіпсіздік ережелері.
		5 . 1 . 7 .
		Құрылым-монтаж жұмыстары үшін алаңдар мен басқыштар. Жалпы техникалық шарттар.

2.4.10.	ГОСТ 27372-87	Құрылыш-монтаж жұмыстары үшін аспалы бесіктер.
2.5.	ГОСТ 12.3.003-86	ССБТ. Электрмен дәнекерлеу жұмыстары. Қауіпсіздік ережелері.
	ГОСТ 12.3.036-84	ССБТ. Металдарды газ жалынымен өндіеу. Қауіпсіздік ережелері.
	ППБС-01-94	Құрылыш-монтаж және от жұмыстары өндіру кезінде өрт қауіпсіздігінің ережелері.
	СН-1.03.031-94	Металдарды дәнекерлеу, еріту және кесу кезіндегі санитарлық ережелер.
2.7.1.	РД 34.21.602.	Энергетикалық кәсіпорындардың өндірістік үйлері мен үй-жайларын пайдалану жөніндегі үлгілік нұсқау. 2-б, 2-тармақ.
2.7.8.	СН-1. 02. 014-94	Жұмыс істеушілердің қолдарына берілетін, сол жерде діріл пайда болдыратын машиналармен және жабдықтармен жұмыс істеген кездегі санитарлық нормалар мен ережелер.
2.8.1.	ГОСТ 12.3.016-87.	ССБТ. Құрылыш. Коррозияға қарсы жұмыстар. Қауіпсіздік ережелері.
	ГОСТ 12.3.035-84	ССБТ. Құрылыш. Бояу жұмыстары. Қауіпсіздік талаптары.
	РД 34. 03. 216	Энергетикалық құбылыстар өндеу және шыны салу жұмыстарын өндіру кезіндегі қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқау.
	СН-1. 10. 081-94	Қолмен шашыратып бояйтын құралдарды қолданып бояу жұмыстарын жүргізу кезіндегі санитарлық ережелер.
4.3.1.	ГОСТ 12. 3. 033-84	ССБТ. Құрылыш машиналары. Пайдалану кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары
4.4.1.	РД 31.84.01-90	Сұнгуір жұмыстарындағы еңбек қауіпсіздігінің бірыңғай ережелері.

Ескерту: Бұрынғы КСРО Энергетика министрлігінің нормативтік-техникалық күжаттары Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласында оларды алмастырғанға (жойылғанға) дейін қолданылады, РФ отын-энергетика министрлігінің ФТҚ ҚР аумағында ҚР электр энергетикасын басқару жөніндегі орталық атқарушы органның шешімімен қолданылады деп танылады. (ҚР Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің 1996 жылғы 3 қаңтардағы N 1 бұйрығы)

11-қосымша

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қолданылып жүрген ГОСТ Тізбесі

ГОСТ 12. 1. 004-91. ССБТ. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12. 1. 010-76. ССБТ. Жарылыс қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12. 1. 011-78. ССБТ. Жарылу қаупі бар қоспалар. Топтастыру және сұнау әдістері.

ГОСТ 12. 1. 018.-93. ССБТ. Статикалық электрдің өртену, жарылу қаупі, жалпы талаптар.

ГОСТ 12. 1. 033-81. ССБТ. Өрт қауіпсіздігі. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 12. 1. 041-83. ССБТ. Заттар мен материалдардың жану қаупі. Көрсеткіштердің номенклатурасы мен оларды анықтау әдістері.

ГОСТ 12. 1. 144-82. ССБТ. Өрт машиналары мен жабдықтар. Шартты граfiкалық белгілер.

ГОСТ 12. 2. 047-86. ССБТ. Өрт техникасы. Қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12. 2. 047-86. ССБТ. Өрт техникасы. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 12. 3. 003-86. ССБТ. Электрмен дәнекерлеу жұмыстары. Қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12. 3. 016-87. ССБТ. Құрылыш. Коррозияға қарсы жұмыстар. Қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12. 3. 035-84. ССБТ. Құрылыш. Бояу жұмыстары. Қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12. 4. 009-83. ССБТ. Объектілерді қорғау үшін өрт техникасы. Негізгі түрлері. Орналастыру және қызмет көрсету.

ГОСТ 12. 4. 026-76. ССБТ. Сигнал түстері және қауіпсіздік белгілері.

Ескерту: Аталған ГОСТ-ды қолдану мерзімін шектеу Қазақстан Республикасының стандарттары енгізілгенге дейін алынған.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК